

Әділетті Қазақстан

Еліміздің өсіп-өркендеуі қолға алған реформалардың тиімді жүзеге асырылуына байланысты. Біз осы іргелі мақсаттарға мызғымас бірліктің арқасында ғана қол жеткіземіз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



АЛМАТЫ – СУБҰРҚАҚТАР ҚАЛАСЫ

4

БӘРЕКЕЛДІ!



БАҚ ӨКІДЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

6

ТҰЛҒАТАНУ



«БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР»

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

17.06.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, өткіш жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

18.06.2023

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №74 (6367) 17 маусым, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

КӨЛІК ТРАНЗИТИ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА АВТОЖОЛЫ

халық игілігіне берілді



Суретті түсірген Сахат ҚҰСАЙЫНОВ.

Қазақстандағы ірі жол-көлік инфрақұрылымдарының бірі Үлкен Алматы айналма автожолы пайдалануға берілді. Оның ресми ашылуына ҚР ИИДМ Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин, ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев және Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.

6

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

МЕГАПОЛИС МӘСЛИХАТЫ

сессиясында өзекті мәселелер талқыланды



Кеше VIII шақырылған Алматы қаласы Мәслихатының кезекті VI сессиясы өтті. Сессия жұмысына Алматы қаласы Мәслихаты депутаттарымен бірге, Алматы қаласы әкімінің орынбасарлары Асқар Әмрин және Әлішер Әбдіқадыров, мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

3

ҚЫСҚА...

- Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтіп жатыр.
- Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Беделбайұлы Көшербаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.
- Алматыда халықаралық сарапшылар қазіргі заманғы қауіп-қатерді еңсеру мәселелерін талқылады.
- Қазақстандық гимнастшылар Азия чемпионатында алғаш рет жүлдегер атанды.
- Қалада өткен жылы 1,7 млн шаршы метрден астам тұрғын үй тапсырылды.
- Алматы және Қарағанды облыстары ТЖД күштері тұрақты жұмыс орындарына қайтты.
- Алматыда сыртқы жарнамаға қатысты ереже әзірленді.
- Былтыр Алматыға 1,8 млн турист келген.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің медицина қызметкерлеріне халықтың денсаулығын жақсартып, ұлт сапасын арттыруға зор үлес қосып келе жатқаны үшін алғысын білдірді.

Мемлекет басшысының тілегін Денсаулық сақтау министрлігі бөлісті. «Құрметті медицина қызметкерлері! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер халықтың денсаулығын жақсартып, ұлт сапасын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Қазақстанда медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болу үшін барлық жағдай жасалуда. Мемлекет денсаулық сақтау саласына әрдайым айрықша көңіл бөледі. Көптеген заманауи емдеу орындарының салынуы, білікті мамандарды даярлауға бөлінетін грант санының көбеюі, осы сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетілуі – соның айқын дәлелі. Түптеп келгенде, мұның бәрі салауатты қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Сіздер сындарлы сәттерде өз міндеттеріңізді абыроймен атқарып, ел сенімін ақтай білдіңіздер. Баршаңызға қажырлы еңбектеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздерге амандық, бақ-береке тілеймін!», – деді Президент. Еске салайық, Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі маусым айының үшінші жексенбісінде аталып өтеді.

■ СЕНАТ

Сенатта «Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері» тақырыбына арналған үкімет сағаты болды.

ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жакып Асанов өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешенінің алдына ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамыту және импортты алмастыру мәселесіне кезең-кезеңімен көшу жөнінде ауқымды міндеттер қойғанын атап өтті. Үкімет сағаты барысында оң үрдістер мен мемлекеттік қолдау жөніндегі қабылданған шараларына қарамастан, жалпы өндіріс көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мен ілгерілету жүйесінің кенже қалғанын, нарықта жалған арзан өнімнің болуы мен соның салдарынан отандық өндірушілер бәсекеде артта қалып келе жатқанын атап өтті. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Үкімет сағатына қатысушыларды агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін ұлғайту және импортты алмастыру тұрғысында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласындағы ахуал туралы хабардар етті. Сенат депутаттары шара қорытындысы бойынша тиісті мемлекеттік органдарға жіберілетін ұсынымдар әзірледі.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаттары мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерімен бірге әскери қызмет өтеген әскери қызметшілерге білім беру және басқа да жеңілдіктер тетігін іске асыру мәселелерін қарады.

Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықовтың айтуынша, өткен жылы Қорғаныс министрлігі әскери қызметтің беделін арттыру жұмыстарына бастамашы болды. Атап айтқанда, Қазақстанның Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтеген азаматтарға әлеуметтік қолдау пакеті ұсынылды. Соның бір бағыты – оларға білім беруде жеңілдіктер қарастыру. – Біріншіден, қызмет аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде ҰБТ тапсырмай ақылы негізде, ал жауынгерлік жоғары нәтиже көрсеткен азаматтар ЖОО есебінен тегін қабылданады. Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Нұрбек Сапарходжаев қазіргі таңда 76 жоғары оқу орны бастаманы қолдап, ең лайықты әскери қызметкерге өз қаражаты есебінен гранттар бөлу туралы келісімге қол қойғанын атап өтті. Шамамен 3 мыңға жуық грант бөлінген. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов Қорғаныс министрлігімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында банктік қарыздар мен шағын несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру жөнінде мүдделі тараптардың тиісті іс-қимыл алгоритмі әзірленгенін айтты. Бүгінгі таңда 3700 әскери қызметкердің 5500 қарыз бен шағын несие бойынша төлемдері кейінге қалдырылған. Талқылау барысында мәжілісмен Айдос Сарым мерзімді әскери қызметшілерге жоғары оқу орындарына грантқа түсерде квота бөлуді заңмен белгілеуді ұсынды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Шығыс Қазақстан облысының барлық деңгейдегі мәслихаттары депутаттарының жиналысына қатысу үшін Өскемен қаласына барды.

Әлихан Смайылов депутаттарға Мемлекет басшысының облыс әкімі лауазымына Ермек Көшербаев пен Дархан Сапановтың кандидатураларын қарауға ұсыну туралы хатын оқып берді. Олардың әрқайсысының осы жауапты қызметті атқаруы үшін жеткілікті жұмыс тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігі атап өтілді. Ашық дауыс беру қорытындысы бойынша 117 депутат Е.Көшербаевтың кандидатурасын қолдады, 36 депутат Д.Сапановқа дауыс берді. Дауыс беруге барлығы 153 депутат қатысты. Үкімет басшысы таңдалған кандидат Шығыс Қазақстан облысын дамыту үшін өзінің барлық білімі мен тәжірибесін жұмсайтынына сенім білдірді.

«Алда атқарылатын жұмыстың ауқымы көп, жаңа әкім барлық қиындықтарды еңсере алатынына сенімдімін», – деді Әлихан Смайылов.

■ ТУРИЗМ

Қазақстан ТМД елдері арасында іскерлік туризм көшбасшыларының бірі атанды. Екі бірдей халықаралық ұйымның өкілдері елімізге келіп, ішкі туризмнің жай-күйімен танысты.

Еуропа бойынша халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығының (ICCA) өңірлік менеджері Эфи Кудели және IMEX Frankfurt халықаралық көрмесінің өкілі Лиз Бранд бастаған халықаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар мен БАҚ өкілдері Астана және Алматы қалаларына сапармен келді. Делегация қазақстандық серіктестермен және туристік бизнес өкілдерімен ынтымақтастық және халықаралық іс-шараларды өткізу бойынша кездесу өткізді. Кездесуге қонақүй өкілдері, іс-шаралар өткізетін алаңдарды басқарушы компаниялардың басшылары мен туроператорлар қатысты.

ICCA-ның өткен жылғы елдер мен қалалар рейтингінде Қазақстан Грузия мен Әзербайжаннан кейін үшінші орында орналасқан. Ал өткізілген халықаралық іс-шаралар саны бойынша өңірдің бес елі арасында үшінші орында тұр (Алматы – үшінші қала, Астана – бесінші). ICCA (International Congress and Convention Association) – халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығы, бұл – халықаралық қауымдастықтардың кездесу индустриясы үшін жаһандық қауымдастық және білім орталығы.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР –
ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысын өткізді



Мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы бірқатар жауапты мемлекеттік орган басшыларының баяндамасын тыңдады.

Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскерлерін,

әскери құралымдарын қару-жарақпен қайта жарақтау және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының жобасын қарастырды.

Қорғаныс өнеркәсібі, мемле-

кеттік қорғаныс саласындағы тапсырыс, қару-жарақ пен әскери техника айналымы, қорғаныс нысандары инфрақұрылымын дамыту салаларындағы жекелеген мәселелер жөнінде жүйелі шаралар әзірленді.

Жиын қорытындысы бойынша Президент мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Жұмыс сессиясының талқылауы өтті

Кеше Түркістанда Ұлттық құрылтайдың алдағы отырысы аясында «Білім және ғылым» жұмыс секциясының талқылауы өтті. Модератор ретінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйледі.

Сондай-ақ, сессия жұмысына Білім министрі Ғани Бейсембаев қатысты. Сессия аясында белгілі қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, ғалымдар мен сарапшылар: Ғарифолла Есім, Мұрат Әбенов, Асқар Жұмаділдаев, Гүлмира Илеуова, Ерлан Саиров, Марат Башимов, Андрей Чеботарев, Амангелді Толамисов, Мақсат Жабағин, Кәрімбек Құрманалиев, Нұрлан Дулатбеков және басқалар сөз сөйледі.

Секцияда цифрлық және жаңа технологиялық шыныдық, ұрпақтар сабақтастығын сақтау аясында қалыптасып келе жатқан жас



ұрпақтың ерекшеліктері талқыланды. Жоғары білім берудегі реформаларды жетілдіру, оның ішінде жоғары оқу орындарын басқарудың заманауи тетіктерін енгізу және оқытушылардың мәртебесін арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Сарапшылар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды дамыту және елдің жалпы идеологиялық негізін қалыптастыру мәселелеріне жеке тоқталды. Сонымен қатар, секция

жұмысы аясында орта білім беру, әсіресе ауылдық жерлерде мектеп инфрақұрылымын жақсарту мәселелері көтерілді.

Талқылау қорытындысы бойынша Ұлттық Құрылтай мүшелерінің мемлекеттік органдармен бірлесіп ұсыныстарын іске асыру жөніндегі арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге қатысты шешім қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

МЕГАПОЛИС МӘСЛИХАТЫ

сессиясында өзекті мәселелер талқыланды

(Басы 1-бетте)

Сессия қала әкімінің орынбасары Асқар Кемеңгерұлының былтырғы шаһар бюджеті қалай игерілгені туралы баяндамасымен басталды. Сондай-ақ, Алматы қаласы Экономика басқармасының басшысы Дастан Өмірбаев, Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков, Тексеру комиссиясының төрағасы Алтай Бердіқұлов сөз сөйледі.

Алматы қаласы бюджетінің 2022 жылы қалай атқарылғаны туралы жылдық есепті тыңдаған депутаттар оны талқылап, құзырлы басшыларға өзекті сауалдарын қойып, жауаптарын алды.

Қала экономикасы 5,1%-ға өсті

Алматының экономикалық өсімі 2022 жылы 5,1%-ды құрады. Бұл туралы мәслихаттың VI сессиясында қала әкімінің орынбасары Асқар Өмрин айтты.

Қаңтар айындағы оқиғалардан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда іскерлік белсенділікті қысқа мерзімде қалпына келтіруді тапсырған болатын. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Өмриннің айтуынша, әкімдік 16,2 млрд теңге сомасында зардап шеккен 1640 кәсіпорынға келтірілген залалды өтеген. Олардың 95%-ы төлемдерді қысқа мерзімде – биылғы 1 маусымға дейін алды.

Қаржының бір бөлігі «Жаңа Алатау» қорынан бөлінді – олар 1 294,8 млн теңгеге 636 өтінімді қайтаруға көмектесті. Ал бюджет қаржысы есебінен 14 899,5 млн теңгеге 1011 өтінім қанағаттандырылды.

1,7 млн шаршы метр тұрғын үй тапсырылды

Былыр қалада 1,7 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 410 шақырымнан астам инженерлік желілер салынды және қалпына келтірілді. 2021 жылмен салыстырғанда су құбыры коммуникацияларының тозуы 3,1%-ға, көріз желілерінің тозуы 2,3%-ға төмендеді. Бұл жөнінде Мәслихаттың VI сессиясында экономика басқармасының басшысы Дастан Өмірбаев айтты.

Алматы агломерациясын дамыту аясында көлік желісін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қала маңымен байланыс орнату үшін 2022 жылы Абай даңғылы қала шекарасына дейін ұзартылды, Төле би көшесі ұзартылды. Қалада 25 шақырым жаңа жол салынып, 200 шақырымнан астам жол жөнделді, бұл тек Наурызбай және Алатау аудандары туралы деректер. Осылайша жақсы жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі 86%-ға дейін өсті. Жерасты көлік желісі де дамып келеді: былтыр 2 жаңа метро станциясы – «Б.Момышұлы» және «Сарыарқа» ашылды. Жолаушылар ағыны 78%-ға, атап айтқанда тәулігіне 58,5 мыңға дейін ұлғайды.

126 мың бейнебақылау камерасы жұмыс істейді

Сондай-ақ, Дастан Өмірбаев мегаполисте Президенттің тапсырмасы бойынша азаматтар көп жиналатын орындарға 3050 видеокamera орнатылғанын атап өтті. Қазір Алматыда 126 мыңға жуық бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, оның 18,4 мыңы қалалық полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған.

Былыр мегаполиске 1,8 млн турист келген, бұл 2021 жылмен салыстырғанда өсім 48%-ды құраған. Бұл туралы да Д.Өмірбаев мәлімдеді.



Туристтік лектің ұлғаюы тиісті инфрақұрылымның дамуына әкелуде. Өткен жылы мегаполисте 2,2 мың төсек-орынға арналған 14 жаңа қонақүй кешені ашылды. Қаладағы тау туризміне шетелдік туристердің қызығушылығы өте жоғары. Өткен жылы ұзындығы 150 шақырым 12 маршрут пен 3 кемпинг аймағын абаттандыру аяқталды.

Қабылдау пункттері ұлғайтылды

Алматыда ТЖ кезінде зардап шеккен жандарды қабылдау пункттері ұлғайтылды. Бұл туралы мәслихат сессиясында отырысында Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Ерлан Әлібеков мәлімдеді.

Қалада 284 пункт бар, жалпы халықтың өсуі мен мегаполистің кеңеюін ескере отырып, олардың саны 384-ке дейін ұлғайтылды.

Бюджет кірісі 42%-ға өсті

– Алматының 2022 жылғы жергілікті бюджет кірісі 1175,1 млрд теңге болды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 42%-ға артық, – деп атап өтті Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы Алтай Бердіқұлов.

Қала бюджетінің кірістер құрылымында негізгі үлес салық түсімдеріне тиесілі, ол 164,2 млрд теңге көлеміндегі жоспарлы көрсеткіштен асып, 1122,1 млрд теңгеге жеткен. 2021 жылмен салыстырғанда салық түсімдері 332 млрд теңгеге немесе 42%-ға ұлғайды.

2022 жылы салықтық емес түсімдер 16,5 млрд теңге болды. Негізгі капиталды сатудан түскен кірістер 36,4 млрд теңгеге жетті, жоспар 23,8%-ға асыра орындалды.

Сессия барасында Алтай Бердіқұлов Алматы бюджетін жылына 50 млрд теңгеге қосымша толықтыру тәсілін атады. Айтуынша, соңғы 5 жылда Алматы қаласының бюджеті едәуір өскеніне қарамастан, оны толықтыруда барлық резерв тартылған жоқ.

Бюджетті қосымша толықтыру әдістерінің ішінде қаланың сауда базарларын көлеңкелі сектордан шығару, жер салығының мөлшерлемесін қайта қарау, заңсыз жарнама орналастырудың жолын кесу, әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алуды көбейту аталды.

«Аталған бұл іс-шараларға жүргізілген

талдауға сәйкес, жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің қосымша резервтерін жыл сайын 50 млрд теңгеге дейін қарастыруға мүмкіндік береді», – деді А.Бердіқұлов.

«Жайлы мектеп» аясында 22 мектеп бой көтереді

2026 жылға қарай Алматы мектептеріндегі орын тапшылығы қажетті деңгейге дейін азаяды. Бұл туралы қалалық мәслихаттың VI сессиясында Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева мәлімдеді.

Қалада 320 601 оқушы оқитын 313 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 292 015 оқушы білім алатын 214 мемлекеттік мектеп және 28 586 оқушыны қамтыған 99 жекеменшік мектеп бар. Жыл сайын оқушылар саны демография мен ішкі көші-қон есебінен орта есеппен 12–14 мың балаға өседі.

«Алматыда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 37100 орынды 22 мектеп салу жоспарланған. Сонымен қатар, 5570 орынды 11 нысан іске қосылады. 2026 жылға қарай оқушы орнының тапшылығы жыл сайынғы өсімі ескере отырып, қажетті деңгейге дейін азаяды», – деді Л.Жылқыбаева.

Отбасылық-дәрігерлік амбулатория көбейеді

Алматыда 4 отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүруде. Бұл туралы қалалық мәслихаттың VI сессиясында Алматы қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәлімдеді.

«4 отбасылық-дәрігерлік амбулатория ғимараттарының құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде Алатау ауданының «Саялы», «Қарасу», Жетісу ауданының «Кемел», Түркісіб ауданының «Нұршаиқан» ықшамауданының тұрғындары сапалы дәрігерлік көмек алатын болады», – деді ол.


Сонымен қатар, Бостандық ауданында Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы ғимаратының құрылысы жүргізілуде және «Қалалық кардиологиялық орталығының» күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, Жетісу ауданының «Айнабұлақ-3» ш/а №11 емхана ғимаратын сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсарту аясында 2022 жылы қаланың медициналық ұйымдарына 726 медициналық жабдық және 6 мұздатқыш камера сатып алынып, жеткізілген.


ТҮЙІН: Сессия барысында Алматы қаласы бюджетінің 2022 жылы атқарылған жылдық есебі бекітілді. Сондай-ақ, Алматы қаласы метрополитенінің стансаларына, ғимаратқа атау беру туралы, Алматы қаласы Мәслихатының 2023 жылға арналған перспективалық жұмыс жоспарын бекіту туралы шешімдер қабылданды.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Айнұр СЕНБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматының экономикалық өсімі
2022 жылы
5,1%-ды құрады.



Былыр қалада
1,7 МЛН шаршы метр
тұрғын үй пайдалануға
берілді.



Алматыда **126** мыңға
жуық бейнебақылау
камерасы жұмыс істейді.



Шаһардың 2022 жылғы
жергілікті бюджет кірісі
1175,1 млрд теңге
болды.



Алматыда «Жайлы мектеп»
ұлттық жобасы аясында
37 100 орынды
22 мектеп салу
жоспарланып отыр.



Мегаполисте ұзындығы
150 шақырым болатын
12 маршрут пен 3 кемпинг
аймағын абаттандыру
аяқталды.





ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА
ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып Бауыржан Жаубасов тағайындалды.

Бауыржан Жаубасов 1984 жылы туған. Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын бітірген, заң ғылымының кандидаты.

Еңбек қызметі кезеңінде Жоғарғы сотта бас консультант болып жұмыс істеді, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды. Әр жылдары Астана қаласы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігінің Тәртіптік кеңесі хатшылығының меңгерушісі болып жұмыс істеді. Сондай-ақ, Қазақстандағы БҰҰДБ мемлекеттік қызмет саласындағы Өңірлік хаб жобасының ұлттық консультанты лауазымында жұмыс істеді. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының басқару институтының доценті қызметін атқарды.

2020 жылдан 2022 жылдың қараша айына дейін Алматы қаласы әкімі аппаратының персоналды басқарудың бірыңғай қызметі басшысының м.а. болып жұмыс істеді. 2022 жылдың қараша айынан бастап тағайындалғанға дейін Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары болды. Үйленген, үш баланың әкесі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Алматыда Медеу ауданы әкімдігі мен «Алматы Су» МКК өкілдері «Каменское плато» шағынауданының тұрғындарымен кездесіп, суық сумен жабдықтау мәселесін шешу жолдары жайын түсіндірді.

«Каменское плато» шағынауданында су тапшылығы соңғы 5 жылда байқала бастады. Мамандардың айтуынша, аталмыш елді мекен тұрғындарын сумен қамтамасыз ету жерасты суларының көзінен, нақтырақ айтқанда, үш скважина арқылы жүзеге асырылады. Мамандар су қысымының төмендеуінің негізгі себебін осы аймақтағы халықтың өсуімен байланыстырады. Скважиналардағы су деңгейі 2,5 есе төмендеді – жобалық 150 м³/сағаттан 60 м³/сағатқа дейін және су деңгейінің төмендеуі жалғасуда.

Бұл мәселені шешу үшін 2023 жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша ТЖ желісі бойынша екі жаңа су көздерін (4 скважина) жайластыру және іске қосу, сондай-ақ халыққа су беруді ұлғайту үшін модульдік станциялары бар жаңа резервуарлар мен

СУ МӘСЕЛЕСІ

Алматыда биыл жаңа скважиналар салынады



магистральдық құбырлар салу жөніндегі жобаны әзірлеу басталды. Құрылыс-монтаж жұмыстары мамыр айында басталып, ағымдағы жылдың желтоқсан айында аяқталады деп жоспарлануда. Жобаны іске асыру «Каменское плато», «Көлсай», «Юбилейный» және «Мұзтау» шағынаудандарын тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте су құбыры мен кәріз-

дін тарату желілерін салу бойынша жоба әзірленді, ол жүргізілген құрылыс-монтаждау жұмыстарын ескере отырып түзетілетін болады. Жобаны іске асыру 2024 жылға жоспарланған.

Қазіргі уақытта тұрғындарға су беру проблемаларына байланысты күнделікті қосымша тасымалдау ұйымдастырылды. Бұл жағдай қала әкімдігінің бақылауында.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЫСТЫҚ СУ БОЛМАЙДЫ

19 маусым күні, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін Әуезов ауданының аумағында Ұлықбек – Саин – Жандосов – Ясауи көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС хабарлауынша, шектеулер магистральдық құбырды қайта құрылымдау мақсатында енгізілген. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ – СУБҰРҚАҚТАР ҚАЛАСЫ

Су ғажайыптары шаһардың барлық аймағында бар

Жайнаған жазда Алматының ажарын айшықтай түсетін нысандардың бірі – субұрқақтар. Айналасына салқын ауа беріп, қала тұрғындарына жақсы көңіл сыйлайтын су ғажайыптары қаланың барлық аймағында бар. Ерекше талғаммен жасалған субұрқақтардың қала көркіне сән беріп тұрғаны сөзсіз.



Нысандардың қауіпсіздік мәселесі мен күтімі жайында сала мамандары Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтып берді.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Әбділдаевтың айтуынша, субұрқақтардың барлығы 1 мамырдан 1 қазанға дейінгі аралықта сағат 8.00-ден 23.00-ге дейін жұмыс істейді.

Бүгінде мегаполисте 150 субұрқақ бар. Оның 64-і коммуналдық меншікте, ал қалғаны жеке меншіктегі нысандар. Коммуналдық қызметтегі субұрқақтарға (Алмалы ауданы – 39 субұрқақ, Медеу ауданы – 21 субұрқақ, Әуезов ауданы – 2, Түркісіб ауданы – 1 субұрқақ, Жетісу ауданы – 1 субұрқақ) «Есо Almaty» ЖШС қызмет көрсетеді.

Қаладағы субұрқақтар жұмысы арнайы

кестемен қадағаланады. Яғни олардың қосылатын уақыты, судың тазалығы, демалушылардың қауіпсіздігі – барлығы назарда. «Есо Almaty» ЖШС директоры Ақбота Мырзалиеваның айтуынша, олардың міндетіне сорғы қызметін қадағалау, жарықтандыру және субұрқақтың тазалығы, бассейндерге күтім жасау, жөндеу жұмыстары кіреді.

– Субұрқақтарды жөндеу, тазалау және бояу секілді жұмыстар алдын ала, яғни көктем мезгілінде қолға алынады. Нысандар күн сайын таңғы 8.00-ден түнгі 23.00-ге дейінгі аралықта мамандардың бақылауында болады. Тостағандарды тұрмыстық қоқыстардан тазалау үшін құрамында 6-7 жұмысшысы бар 9 бригада мен субұрқақты ұстау жөніндегі арнайы мамандар кезекшілік етеді. Яғни олар кестеге сай жұмыс істеуі мен техникалық

қауіпсіздігін қадағалайды. Субұрқақтардағы сүзгілерді, жабдықтар мен шұңғылшаларды тазарту үшін айына бір рет өшіріледі. Нысанды жууға жоғары қысымдағы машина қолданылып, центрацияланған дезинфекциялық ұнтақ 45% хлор мен мыс сульфаты пайдаланылады, – дейді ол.

Спикердің айтуынша, қазіргі таңда «ҚР Мемлекеттік музейінің» субұрқағы, «Бақбақ», «Аққу» декоративті бассейні, Әуезов атындағы «Қаздрамтеатр», «Қызғалдақтар» секілді 5 субұрқаққа реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Одан бөлек, «Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры», «ҚР алаңы», «Қалалық әкімдіктің батысы», «Қалалық әкімдіктің шығысы», «Цирк», «Атакент» деп аталатын 6 субұрқақ үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде.

«Есо Almaty» ЖШС қызметкерлерінің сөзінше, субұрқақтарға штаттық режимде сервистік қызметтер көрсетіледі. Тапсырыс беруші белгілеген кестеге сай қондырғыларға монтаж жұмыстарын жасайды. Мәселен, электр жабдықтарына, оның ішінде суасты сорғыларын, суасты шамдарын, жарықшамдардағы шамдарды, контакторларды, кабельді, автоматтарды, қондырмаларды және басқа да электр жабдықтарын ауыстырады. Жалпы, кез келген ақау 3 күн ішінде жойылуы тиіс.

Алматылықтар мен қала қонақтарына құлаққағыс, өздеріңізге мәлім, күн ысыған сайын бүлдіршіндер субұрқақтың суына шомылуға құмар келеді. Алайда, ол өте қауіпті. Себебі, субұрқақтардың су сорғысы, жарығы барлығы электр энергиясымен жұмыс істейді. Су астында арнайы сорғы, генератор, жарық лампаларының сымдары бар. Алда-жалда техникалық ақаулар туындайтын болса, ол адам өміріне қауіп төндірері мүмкін. Сондықтан барлық субұрқақтарға «Суға түсуге болмайды» деген ескертуі бар арнайы тақтайшалар орнатылған. Балаларымызға абай болайық!

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Алматыда ашылатын екі жаңа метро бекет «Шұғыла» және «Төле би» деп аталуы мүмкін. Мұны қалалық мәслихаттың VI сессиясында тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет мәлімдеді.

«ШҰҒЫЛА» ЖӘНЕ «ТӨЛЕ БИ»

Алматыдағы екі жаңа метро бекет осылай аталуы мүмкін



Оның айтуынша, метро бекеті құрылысының жобасына техникалық-экономикалық әзірлеу үшін жаңа бекеттерге атау беру қажеттілігі туындап отыр.

«Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» ш/а Алатау даңғылының бойындағы №1 бекет ономастикалық тәжірибеге сүйене отырып, жолаушылардың бағдар алуына ыңғайлы болу үшін «Шұғыла» деп атау ұсынылып отыр. Ал Алатау даңғылымен ұзартылатын Төле би көшесінің қиылысында болатын №2 бекетке «Төле би» атауын беру ұсынылып отыр», – деді ол.

Қалымбеттің уәжінше, бұл ұсынысты Алматы қаласы ономастика комиссиясы құптаған. Қала басшылығы тарапынан да қолдау тапқан. Енді бұл ұсыныс Алматы әкімдігі мен мәслихатының бірлескен шешімімен ҚР Үкіметінің жанындағы республикалық ономастика комиссиясына жолданады. Ол комиссия келісім берсе, Алматы әкімдігінің қаулысымен шешім қабылданады.

Бетгі әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САРАПТАМА

«ҚАРЫЗ ДИПЛОМАТИЯСЫ»

немесе державалар бәсекесі ұсынған жаңа мүмкіндік

Қытай халықаралық ықпалын арттыру үшін «қарыз дипломатиясын» жүргізеді дейтін сындар батыстық саясаткерлер жағынан жиі айтылады. АҚШ бастаған Батыс елдері Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасына түрлі кедергі қоюға күш салуда. Бейжің бұл жобаны Шығыс-Батыс ортасындағы тиімді сауда-экономикалық желі ретінде ұсынса, америкалық саясаткерлер оны «қарыз тұзағы» деп айыптайды. Көріп отырғанымыздай, АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік түрлі салаларға қарай тереңдей түскен.



АҚШ саясаткерлерінің айтуынша, қытайлық жоба дамушы елдерді терең қарызға батырып, өзге елдер мен халықаралық қаржы ұйымдарынан несиелер алуына кедергі келтіреді. Былайша айтқанда, Қытайға көп мөлшерде берешегі болғандықтан несиелік рейтингі төмендеп, дефолтқа ұшырайды. Ал осы жағдайды алға тартқан америкалық саясаткерлер Бейжіңді өз ықпалын жоғарылату үшін мұндай қадамға әдейі барады деп санайды. Әрі бұған «қарыз дипломатиясы» деген атты да қойған.

Әдетте, бір елдің қарыз алу не қайтару қабілетін Халықаралық несиелік рейтинг агенттіктері бағалайды. Бұндай агенттіктердің есебінде Қытайға аса көп мөлшерде берешегі бар елдердің рейтингі төмендеп кетеді. Сәйкесінше, өзге несиелеуші ұйымдар төмен рейтингтегі елдерге қарыз бергісі келмейді. Бірақ бір қызығы, аталмыш рейтингті бағалайтын ең ірі агенттіктердің бәрі дерлік АҚШ пен Британияда орналасқан. Ең үлкен үшеуін атайық – Stan-

dard & Poor's, Moody's (екеуі де Нью-Йоркте) және Fitch Group (Нью-Йоркте, Лондонда). Бұл үшеуі де жаһандық корпоративтік және мемлекеттік облигацияларды бағалау саласына үстемдік етеді. Әрі елдің мемлекеттік тәуелсіз несиелік рейтингіне абсолютті түрде әсер ете алады. Инвесторлар мен несиелеуші ұйымдар олардың шығарған есептерін басшылыққа алады.

Қытайдың ауқымды жобасы аясында инвестиция мен несиелер беру әрекетін АҚШ саясаткерлері тек сынаумен ғана шектеліп келген. Егер өзге мемлекеттер мен халықаралық қаржы ұйымдары несиелер бермесе, онда Қытайдың ықпалы тіптен күшейе береді. Сынап қарап отырудың жеткіліксіз екенін енді білгендей, америкалықтар жаңа шараларға көшті. Себебі, олар бұл арада өз мүдделерін де жоғалтып жатыр.

14 маусым күні Демократиялық партияның өкілі Брэд Шермен АҚШ үкіметіне күтпеген ұсыныс жасады. Яғни үкіметті аталған ірі халықаралық рейтинг

агенттіктерімен келісімге келуге, Қытай қарызына батқан елдердің несиелік рейтингін төмендетпегуге шақырды. Шермен бұл ұсынысты Өкілдер палатасының халықаралық істер жөніндегі комитетінің отырысында ортаға салды. Оның есебінше бұл Бейжіңнің «қарыз тұзағының» күшін әлсіретуі мүмкін.



Егер АҚШ үкіметі халықаралық агенттіктермен мұндай келісімге қол жеткізе алса, бұл іргеміздегі Қырғызстан, Тәжікстан секілді елдер үшін жаңа мүмкіндік деуге болады. Онда бағалау рейтингінің

жаңа деңгейімен қайта несиелеу арқылы Қытай қарызынан шығуына жол ашылады. Өз кезегінде бұның біздің елге де әсері болуы мүмкін. Жаңа бағалау рейтингі қайта несиелеуге мүмкіндік беріп, Қытай қарызын өзге шетелдік қарызбен өтеуге де жол ашылуы мүмкін.

Тағы бір жайт, америкалық заң шығарушылар барлау агенттіктерін Бейжіңнің шетелдегі паракорлығына қатысты мәліметтерді жариялауға шақырып жатыр. Өз жобаларына тарту мақсатында паракорлық фактілері бар деп есептейді. Бұған қоса, Қытай несиесінің жемқорлыққа жол ашатын жағы да бар. Тарата айтсақ былай, Батыс елдерінің несиелері қатаң қаржылық бақылаулар астында игеріледі. Талаптары қатаң. Кейбір елдердегі жемқор жүйелердің жеміне айналып кетпеуін қадағалай отырып береді. Ал Қытай несиесін алу үшін мұндай қатаң шарттар жоқ. Тиісінше, бұл жемқорлыққа белшеден батқан елдегі лауазымдылар үшін май шелпекке айналған. Қаржы жемқордың қалтасына кеткенімен, оны қайтару бәрібір мемлекеттің мойнында қала береді.

Америкалық саясаткерлердің көз-деп отырғаны, осы екі түрлі жағдайға қатысты деректерді жариялай отырып, «қарыз дипломатиясының» ықпалын әлсірету болса керек. Шермен секілді америкалық сенаторлардың ұсынысы қаншалық жүзеге асары әзірге белгісіз. Бірақ бұл жағдай державалар арасындағы текетірістің кейбір дамушы елдерге оң ықпал тигізетінін айғақтайды. Біздің мемлекетіміз бен қоғам тарапынан мұндай мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әбден болады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

13 маусымда көрші елдің Президенті Садыр Жапаровтың басшылығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Онда жаңа әскери доктрина жобасы таныстырылды. Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық құжат Мемлекет басшысының тікелей бақылауында дайындалған.

ҚЫРҒЫЗ ЕЛІ ӘСКЕРІ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРА БАСТАДЫ

Отырысқа қатысқан бас штабтың басшысы Эрлис Тердикбаевтың сөзінше, әскери доктринаның мақсаты елдің суверенитетін қорғау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен агрессияға жол бермеу.


Доктринада «агрессия» сөзін қолданудың астарында саяси мән жатыр. Көрші елдің әскери идеологиясы бұл сөзді өткен жылғы әскери қақтығыстан кейін жиі қолдануда.

2022 жылы Қырғыз елінің әскери күштеріне ауыр жүк түсті. Жыл Тәжікстанмен қарым-қатынастың нашарлауынан басталды. 27 қаңтардан бастап 9 ай бойы шекара аймақта кішігірім әскери қақтығыстар болды. Олардың саны қыркүйекте 14-ке жетті. Екі ел арасындағы даулы мәселені дипломатиялық жолмен шешу мүмкін болмады.

Шекарадағы даудың шарықтау шегі қыркүйек айына тура келді. Бір аптаға жалғасқан әскери қақтығыс нәтижесінде екі жақтан да адам шығыны тіркелді. Ресми ақпаратқа сүйенсек, қырғыз тарапынан 63, ал тәжік тарапынан 59 адам мерт болған.

Екі жақ та әскери қақтығыста бірін-бірі айыптады. Қырғыз тарапы көрші елдің әрекетін территориялық тұтастықты бұзатын әскери акт агрессиясы деп бағалады. Бір қызығы, Тәжік билігі де қарсы жақтың әрекетін әскери акт агрессиясы деп мәлімдеген. Бірақ олар Қырғыз тарапының басты мақсаты трансшекаралық су қорын шектен тыс игеру екенін айтты.

Кеңес үкіметінен бері Орталық Азияда жер мен су ресурсы даулы мәселеге айналған. Тәжікстан территорияны 1924–1939 жылдардағы картаға сүйеніп бөлу керек деп есептейді. Ал Қырғыз тарапы



1958-1959 жылдардағы картаны дұрыс дейді. Жерді бұлайша бөлу суға таластан туындаған. Себебі, даулы территорияның басым көпшілігі таулы жер болғандықтан, ондағы басты ресурс су.

2021 жылы болған әскери қақтығыс Исфар өзеніне таластан пайда болды.

Өзенде «Головной» су бөлетін пункт орналасқан. Екі жақ та оны өзіне тиесілі деп есептейді.

Әскери қақтығыс 28 ақпанда басталған. Оған Тәжік тарапының судың бөліну көлемін бақылайтын видеоканаларды орнатуы себеп болды. Әскери әрекеттер мамырға дейін созылды. Қарулы қақтығыс нәтижесінде Қырғыз тарапынан 36, ал Тәжік жактан 20 адам мерт болған.

Аталған оқиғалардан кейін Бішкек елдің шекаралық қорғаныс саласына ерекше мән бере бастады. Әсіресе, бұл бағытта Ресей мен Түркия елдерімен ынтымақтастықты күшейтті.

2021 жылы Түркиядан 3,5 млн АҚШ долларына «Bayraktar» сатып алынды. Алынған 40 әскери дронды Тәжікстанмен шекаралас Баткен облысының қорғанысын күшейтуге бағаттады. Мұнымен бұл жұмыс тоқтап қалған жоқ. Себебі, шекарадағы қақтығыстар 2022 жылы да жалғасты. Осыған орай, 13 қыркүйекте әскери дрондар орналасатын арнайы база ашылды.

Қарулы күштерді әскери дрондармен қамтамасыз ету жұмысы биыл да жалғасты. 17 қаңтарда Түркиядан ANKA моделіндегі әскери дрондар сатып алды. Осылайша қарулы күштер әскери дрондардың Bayraktar TB2, Aksungur, Akinci и ANKA сияқты барлық түрімен қамтылды.

Әскери салада Ресеймен де ынтымақтастық орнатылуда. Өткен жылы Мәскеуде Ресей мен Қырғыз Республикасы арасында ортақ аймақтық әуе қорғанысын құру туралы мәмілеге келді. Бұл келісім биыл күшіне енді.

Әлемдік сараптама орталықтары Қырғыз елінің әскери әлеуеті Тәжікстаннан жоғары екенін айтуда. Биылғы Global Firepower индексінде Қырғыз Республикасы 107-орынды иеленген. Ал Тәжікстан 120-орынға жайғасқан. Дегенмен, соңғы үш жылда екі мемлекет те өз позицияларын жоғалтуда.

Су дауы екі ел арасында ғана емес, тұтас Орталық Азияға да қатысты мәселе. Әсіресе, Қазақстан көрші елдердің су ресурсына тәуелді. Сондықтан су дауларын бейбіт, дипломатиялық жолмен шешуге біз мүдделіміз. Аймақтағы үздіксіз әскери әлеуетті арттыру түрлі қақтығыстарға алып келуі мүмкін.

Пердехан
ШАМШИЕВ,
сарапшы.





КӨЛІК ТРАНЗИТИ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА АВТОЖОЛЫ

халық игілігіне берілді

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

(Басы 1-бетте)

Көлік жүргізушілері жаңа жолдың үстімен жүріп, оның артықшылықтарын бағамдап көрді. Аталған айналма автожолы еліміздің тарихындағы алғашқы концессиялық жоба саналады. Оның құрылысы 3 жыл бұрын түрік-кореялық консорциумының негізінде қолға алынып, жоспарға сәйкес 2024 жылы қолданысқа берілуі керек еді. Десе де, қарқынды жұмыстардың нәтижесінде бұл нысан мерзімінен бұрын тапсырылып отыр.

Үлкен Алматы айналма автожолы мегаполис көшелеріндегі және қала маңындағы кептелісті азайтып, экологиялық жағдайды жақсартады.

Концессия тетігіне сәйкес құрылыс жұмыстарын инвестор жеке қаражаты есебінен жүргізген. Енді таяу 16 жыл бойы жол инвестордың кепілдік мерзімінде болады. 66 шақырымға жалғасқан айналма жолды жарты сағатта еңсеруге болады. Сондай-ақ, ол 14 елдімекенді қамтитын Алматы облысының үш ауданы арқылы өтеді. ҰААЖ Алматының көлік жүйесіне түсетін салмақты жеңілдетеді деп күтілуде. Жобаның жалпы құны – \$743 млн.

Жобаның концессионері – «БАКАД Инвестиции и Операции» ЖШС. Құрылтайшылар – «Алсим Аларко» (Түркия), Макйол (Түркия), «СК Инжиниринг&Констракшн» (Корея), «Корея Экспрессвэй Корпорейшн» (Корея). Ал әріптестері – Еуропа Қайта құру және даму банкі, Еуразиялық Даму банкі және Ислам Даму банкі.

Жолдың ашылуындағы ресми бөлімнен кейін жаңа жолдың бойымен бірнеше көлік жүріп өтті. Атап айтқанда, ҰААЖ белгілері бар 10 ауыр жүк көлігі, 10 автобус және жеңіл автокөліктер Қаскелең қаласына дейін жол тартты.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Төлеген АБДУЛЛИН,
ҚР ИИДМ Автомобиль жолдары комитетінің
төрағасы:

ИГІЛІГІН ЕЛ КӨРЕДІ

Бұл еліміздің тарихындағы маңызды сәттердің бірі. Себебі, Үлкен Алматы айналма автожолы Орталық Азиядағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба саналады. Осы жол құрылысы халықтың игілігі үшін қолға алынғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, аталған жоба мегаполис тұрғындары мен жергілікті халықтың еркін қозғалуына септігін тигізеді анық.

Осындай келелі істердің арқасында республикалық маңызы бар жолдар жақсарады. Манайындағы халық игілігін көреді. Ең бастысы, жол жақсарса, қарым-қатынас, алыс-беріс оңалады.

Әлібек ҚҰАНТЫРОВ,
ҚР Ұлттық экономика министрі:

ЕЛІМІЗДЕГІ ІРІ ЖОБА

Елімізде бұрын-соңды болмаған, автожол саласындағы ірі жоба өз мәресіне жетіп отыр. Концессионер ашық және екі кезеңдік конкурстық рәсімдер арқылы таңдалды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі бойынша іске асқан жобаның маңызы зор.

ҰААЖ техникалық және экологиялық стандарттарға сәйкес келеді. Ол сенімді және қауіпсіз заманауи автомобиль жолы болып табылады. Әсіресе, Алматы қаласы мен Алматы облысы тұрғындарының еркін қозғалуына септігін тигізеді сөзсіз.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жыл сайын Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі қалалық әкімдіктің Қоғамдық даму басқармасының қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арасында байқау өткізеді. Биыл бірден 8 аталым жарияланды, барлығы 15 жеңімпаз анықталды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Марапаттау рәсімі республикалық Достық үйінде өтті. Журналистер алдында Қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдар Есенбеков құттықтау сөз сөйледі. Ол журналистердің мегаполистің әлеуметтік және қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғаларды жариялауда қосып жүрген елеулі үлестерін атап өтті.

«Алматының БАҚ саласында әрдайым шығармашыл, талантты, мәселеге бейжай қарамайтын, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінетін, қала үшін алаңдайтын адамдар жұмыс істеп келеді», – деп атап өтті ол.

БАҚ өкілдерін белсенді қатысқаны және кәсібилігі үшін профессор, академик және ҚР Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев құттықтап, алғысын білдірді. Ол жеңімпаздарды анықтаған қазылар алқасының комиссиясын басқарды. Журналистика ақсақалы қазіргі журналистер оқырмандар мен көрермендерге тәуелсіз пікірлер мен бағалаулардың кең палитрасын ұсынатынын атап өтті.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Біздің «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі
Нұржамал Әлішеваның мерейі үстем болды

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазылар алқасы мегаполистің даму тақырыбында жарық көрген үздік жұмыстарды анықтады. Конкурста БАҚ өкілдерінен барлығы 65-тен астам өтінім түсті. Байқау жеңімпаздары әр санат бойынша бағалы сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды.

Республикалық БАҚ өкілдері қатарында біздің газет тілшісінің де мерейі үстем болды. Яғни Алматы қаласының еңбек адамдары туралы үздік материалдары үшін «Almaty aqshamy» газеті «Қала тынысы» бөлімінің редакторы Нұржамал

Әлішева «Жұмыс күндері де, мереке күндері де» номинациясын жеңіп алып, бағалы сыйлыққа ие болды.

Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сюжеттер циклінде «Алматы қала» деп аталатын негізгі аталым бойынша «Қазақстан» телеарнасының тілшісі Нұрсұлтан Тілектесов пен «Еуразия» бірінші арнасының тілшісі Айгүл Мұхамбетова жеңіске жетті.

«Разворот» аталымында (қала өмірі туралы үлкен талдамалық материал) In-business.kz портал атынан Құралай

Құдайберген жеңіске жетіп, Informburo.kz-тің журналисі мен фотосуретшісі Әсем Өмірзақова мен Тимур Батыршиннің бірлескен жұмысы үздік деп танылды.

«Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік жарияланым – Zakon.kz басқарушы директоры Қайрат Шайхиев және Orda.kz порталының журналисі Александр Смолинге; «Цифрлы Алматы» – «Хабар 24» журналисі Қарлығаш Қайыпбекова мен «Sputnik Казахстан» ақпарат агенттігінен Александр Мирогловке; «Объективтегі қала» – Алматы қаласы туралы үздік фото жұмыс марапаты Tengrinews.kz порталынан Әлихан Сариевке; Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы телеграм-каналдағы үздік жарияланым Илья Ролдугинге (Orda.kz) бұйырды.

Ал «Алғыс хаттармен» өзіміздің әріптестеріміз: Құралай Иманбекқызы («Алматы ақшамы» газеті), Ақерке Мырзағалиева («Вечерний Алматы» газеті), Нәля Сулейменова («Вечерний Алматы» газетінің сайты), Қайрат Қонысбаев («Вечерний Алматы» газетінің фотосуретшісі), Ильзат Акчурин («Алматы» телеарнасы), Медет Саматұлы («Алматы» телеарнасының операторы), марапатталды.

Ресми салтанатты бөлімнен кейін ішараның қонақтары – журналистер мен ұйымдастырушылар бейресми және достық қарым-қатынаста сөйлесуге, бір-бірімен танысуға және пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік алды.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ

медициналық сақтандыру қоры есебінен жүргізіледі

Айнұр
СЕНБАЕВА

Ерекше балаларды бағып-қағып отырған отбасылардың ортақ мәселесі – баланы аяғынан тік тұрғызуға көмектесетін жақсы оңалту орталығын табу. Перзентінің дертін сәл де болса жеңілдеткісі келетін ата-аналар әрдайым қолдауға зәру. Қазіргі таңда қалалар мен облыс орталықтарында әр сағатына қыруар ақы алатын жеке меншік реабилитациялық орталықтар көптеп ашылып жатыр. Бірақ ақылы орталықтарда үнемі ем алуды кейбір отбасының қалтасы көтере бермейді. Сондықтан балаларды оңалтудың МӘМС арқылы іске асырылғаны көп ата-ана үшін үлкен көмек.

2020 жылдан бастап оңалту және денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған ем-шаралар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы қаржыландырылып келеді. Қазіргі таңда Алматыда церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды оңалтумен 12 медицина мекемесі айналысады. 2023 жылдың басынан бері 2700-ден астам оңалту шарасы жүргізіліп, оған Қор тарапынан 652,2 млн теңге төленген.

Статистикаға сүйенсек, елімізде 98,2 мыңнан астам мүгедек бала бар. Оның 19 мыңнан астамына балалардың церебралды сал ауруы деген диагноз қойылған. Мамандардың айтуынша, медицина бұл дертті толық емдеп жазуға қауқарсыз. Дегенмен, мұндай балалардың орталық жүйке жүйесіндегі ақауды сапалы реабилитация арқылы оңалтып, баланың өз бетінше жүріп-тұру қабілетін дамыту арқылы реттеуге болады.

«Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар медициналық көмекті тегін пайдаланады және мемлекет тарапынан сақтандырылады. Мысалы, биылғы жылдың 4 айында оңтүстік астанада балаларға 4,5 мыңнан астам реабилитациялық ем-шара жүргізілген. Оған Қор тарапынан 915,7 млн теңгеге жуық қаржы төленді. Ал 2023 жылдың соңына дейін Қор тағы да осындай 15 мың ем-шараға 3,2 млрд теңге төлемек», – деді МСҚ Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Қаржы көлемі арқан соң реабилитация профилі бойынша мамандандырылған қызмет көрсететін клиникалар мен орталықтар да көбейді. Осындай орталықтардың бірі – «АРДИ» мүгедек балалар ата-аналары қауымдастығы». Орталық церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды, сондай-ақ

Бүгінде балалар арасындағы мүгедектік Қазақстандағы өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Кейінгі жылдары елімізде оңалтуды қажет ететін балалардың саны артқанына байланысты медициналық сақтандыру қоры есебінен мүгедектігі бар балаларды тегін реабилитациядан өткізу мүмкіндігі артып келеді. Балаларды оңалту МӘМС пакетіне кіреді. Осы орайда күні кеше Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы «АРДИ» ҚҚ базасында балаларды оңалту, соның ішінде церебралды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған реабилитация тақырыбында баспасөз туры өткізді.



жүйке жүйесі зақымданған кішкентай пациенттерді оңалтудың 3-ші кезеңі бойынша қабылдайды. Өткен жылы АРДИ орталығында 800-ден астам бала МӘМС арқылы медициналық оңалтудан өткен. Емделіп, аяққа тұрған балалардың ішінде 25-і жалпы білім беретін мектептер мен балабақшаларға барған.

«Біздің орталық мамандары ерекше балаларды физикалық реабилитациядан өткізіп қана қоймай, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дамытуды мақсат етеді. Мультидисциплинарлық команда құрамында невролог, педиатр, реабилитолог, психотерапевт, емдік дене шынықтыру маманы, массажист, ортопед, психолог, эрготерапевт, дефектолог, логопед, әлеуметтік қызметкер сынды мамандар еңбек етеді.

Осындай мамандардың жан-жақты көмегімен балаларға да, ата-аналарға да көмек көрсетуге тырысамыз. Басты мақсатымыз – балаларға мейлінше ерте жаста

көмек көрсету. Науқасқа шалдыққан бүлдіршінді бізге 1 жасқа тола салысымен алып келуге болады. Өйткені, қанша ерте бастаса, кешенді іс-шаралар арқылы баланың жасына сай, үйлесімді дамуына ықпал етуге болады», – дейді орталықтың бас дәрігері Айсұлу Қожанова.

Орталықта эрготерапия бөлімшесі, Монтессори кабинеті, қараңғы және жарық сенсорлық бөлме бар. Кинезиотерапия және механотерапия залдары баланың жүріп-тұру, қасық, қалам сынды ұсақ заттарды ұстау дағдысын қалыптастыруға арналған заманауи қондырғылармен жабдықталған. Бас дәрігердің айтуынша, мамандар орталыққа емделуге келген әр балаға көңіл бөледі.

Ең алдымен, қимыл-қозғалыс аппараты тиісінше дамымаған балаға ден қойып, мамандар командасы науқасты кешенді дамыту процесін бастайды. Міндетті түрде мамандар баланың ата-анасымен жұмыс істейді. Оларға үйде баланы дамытуға қажетті жағдай жасау жолдары үйретіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгерім АЙМУХАМЕТОВА:

МАМАНДАРҒА АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Мен Еркежан атты қызымды 30 апталығында босандым. Туған кезде қызым 1,475 грамм, бойы 39 см болды. Шала туғандықтан баламның дамуы физикалық жағынан аздап кешеуілдеді. Сондықтан білікті мамандардың көмегіне жүгінуді жөн санап, 1 жас 1 айында «АРДИ» орталығына келдік. Массаж, емдік жаттығулар, гидрованна, басқа да ем-шаралар қабылдадық. Емнің алғашқы курсынан кейін-ақ қызым еңбектеп, оң нәтиже көрсете бастады. Бір жасына дейін тек қана отыратын, емнен кейін өздігімен еңбектей бастады. Мамыр айында емнің екінші курсына аяқтап, қызым қаз-қаз тұрып, жүруге талпынуда. Орталықтағы барша мамандарға алғысым шексіз.

Құралай ТӘЖИЕВА:

АТА-АНА ДА ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Ұлым Димаш туғанда сап-сау еді. Емханада дәрігерлер аздап неврологиялық ақау бар екенін ескертті. Бірақ екпеден кейін баламның денсаулығы сыр беріп, кейіннен дәрігерлер бізге церебралды сал ауруы деген диагноз қойды. 2021 жылдан бері балам 3 жасынан бастап осы «АРДИ» орталығында ем қабылдап жүрміз.

Қазір жасы 6-да. Орталықтағы кәсіби мамандардың арқасында баламның денсаулығы жақсарып қалды. Бұрын сүрініп, құлап жүретін, қазір тепе-теңдікті ұстай алады. Осы орталыққа келгелі өзім секілді қанша ата-ананың қуанышына куә болып жүрмін. Өздігімен отыра да, жүре де алмайтын балаларын арқалап келген ата-аналар балаларының оңалып қалғанын көргенде қатты қуанады. Сондықтан ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар осындай орталықтардың бар екенін білсе екен, балаларын оңалтуды барынша ертерек қолға алса екен деп тілеймін.

Мұндай орталықтар тек науқас баланы емдеп қана қоймай, күйзелісте жүрген ата-аналарға да психологиялық жағынан қолдау білдіріп, өмірге деген құштарлықтарын арттырады. Балаларды медициналық сақтандыру қоры арқылы тегін оңалтуды енгізген мамандарға, мемлекетке алғысымыз шексіз.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



«ALMATY AQSHAMY» – 35

«АҚШАМНЫҢ» ТАРИХЫ –
АЛМАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Алдағы шілденің 1-і күні «Алматы ақшамының» жарық көргеніне 35 жыл толады. Бұл басылымның қадыр-қасиетін, мән-маңызын оқырман жақсы біледі. Бүгінде басылым нөпір, әрине. Көп болғаны да жақсы. Ал «Ақшамның» қадірлі болатыны ол кешегі кеңес тұсында, яғни бір шеге шығару үшін де Мәскеумен мақұлдасатын кезеңде дүние есігін ашты. Бұл ол заманда шын мәніндегі сенсация еді. Алғаш рет Алматыда өткен аламан айтыста Ә.Қалыбекова мен Ә.Жанқұлиевтің (рухтары шат болсын) айтысында «Алматыда қазақ тіліндегі қалалық газет неге жоқ?» деген жанайқай қоғамда үлкен дүмпу туғызды. Жалпы, бұл айтысқа демократиялық жаңғырулардың басы деп қарау керек. Осы ұсыныс билік тарапынан да әуірімдеп қолдау тауып, Ө.Жәнібековтің, Р.Бердібаевтың, тағы басқа да ұлт зиялыларының табандылығының, ашық күресінің арқасында «Алматы ақшамы» оқырман қолына тиді. Оған ресми түрде «Қазақ тілінде республикаға тарайтын қоғамдық, саяси қалалық басылым» деген арнайы мәртебе берілді.

Кез келген басылымның әр кезеңде қалдырған өз қолтаңбасы, бағыт-бағдары болады. Бұл ретте «Алматы ақшамының» алғашқы бас редакторлары болған көрнекті қаламгерлер – Исламғали Бейсебаев пен Ерғали Сағаттың еңбегі көл-көсір. Олар ел көптен күткен басылымның қалыптасып, оқырман көңілінен шығуы жолында іргелі ізденістерге жол ашты. Алғашқы мұзжарғыш ағаларымыздың салып берген барақатты бағыт-бағдары басылымда одан әрі сәтті жалғасын тапты. Осы тұрғыдан тәпсірлесек, газет жарияланымдарының да өз ерекшелігі, тартымдылығы болды. Көптеген жобалар ел ықыласын туғызды. Соның ішіндегі шаһар шежіресінен сыр шертіп, қызықты деректер мен дәйектерге құрылған, оқырман назарын айрықша аударған сәтті жобалардың бірі – «Алматыны басқарғандар» еді. Қалай десек те, Алматының тарихы – Алаштың тарихы. Алып қала – Алматыны басқарған әр басшының сол тұстағы жанкешті жұмысы, елге сіңірген еңбегі әркімге де үлгі-өнеге болуға тиісті. Олар – түрлі тағдырлы тұлғалар. Айтпағымыз, қазір осы жоба аясында жарияланған жазбаларға оқырман суранысы арта түсті. Сондықтан да оқырмандарымыздың тілегін қанағаттандыру мақсатымен бүгіннен бастап Алматыны басқарған тұлғалар туралы үзінділер беріп отыруды жөн көрдік.

Тұлғаға құрмет – елге құрмет. Тарихты жасайтын тобыр емес, тұлға. Сондықтан бүгінгі, келешек ұрпақты тұлға арқылы тәрбиелеудің маңызы да зор. Тарихтан тағылым тую, сабақ алу бүгінгі алматылықтардың да перзенттік, азаматтық парызы деп пайымдаған жөн. Сонымен...

АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Павел ЗЕНКОВ



Almaty. Алмалық. Алматы. Алматының тарихы қатпарлы тарих. Оның әр даму кезеңін тарқатып айтуға дерек, дәйектер мол. Тарихшылардың дәлеліне жүгінсек, қаланың үшінші даму кезеңін Ресей отаршыларымен тығыз байланыста қарастырады.

Ресей империясы 1846 жылы Ұлы жүз қазақтарын «бағындырып», оларды басқару үшін 1848 жылы алғаш рет Үлкен Орда қазақтары жанынан пристав лауазымын енгізді. Осыдан барып ғасырлар бойы жергілікті қазақтардың басқаруында болып келген Алмалы өмірінің халқы енді Семей әскери губенаторының дәрежесіне көшті.

Арада едәуір уақыт өткізіп, 1854 жылы кіші Алматы өзенінің сол жағалауына «Зайи́йск» әскери бекінісі салына бастайды. Бұл бекініс 1857 жылы 2 ақпанда Верный болып аталды.

Осылайша орыстардың тарихты өзі келген жерден бастайтын басқыншылығы күрт белең алып, ежелгі Алматының атауын жою әрекеттері жойқын басталады. Мұнымен қоймай, 1867 жылы 11 сәуірде Ресей патшалығы Министрлер кабинетінің жарлығымен Верный бекінісіне қала мәртебесі беріледі.

Алайда, оған Алматы деген бұрынғы атауын қайтарғанымен, ресми билік көп ұзамай ол ойынан қайтып, сол жылғы қыркүйекте қайтадан Верныйға өзгертеді. Сөйтіп, шаһар Түркістан генерал губернаторлығының Жетісу облысы Верный уезінің әкімшілік орталығына айналып шыға келеді.

Өуелде шаһар шаруашылығын басқаруды арнайы комитетке жүктегенімен, ол тізгінге ие бола алмайды. Содан патша өкіметі қалалық дума құруға пәрмен беріп, алғашқы отырысында Верный қаласының басшысы (голова) етіп, белгілі сәулетші Андрей Зенковтың әкесі, Жетісу облыстық басқармасы құрылыс бөлімінің кіші инженері Павел Зенковты сайлайды. Ал енді кейбір дерек көздерінің жазуынша, П.М.Зенков Верныйдың бірінші басшысы болып 1867 жылы күзде бекітіледі.

Бұл кісі қандай ісімен есте қалды дегенге келсек, ол алдымен қаланы көріктендіру, базарлар жағдайы, жергілікті сауда мен өнеркәсіп, білім, денсаулық сақтау салаларын дамытуды қолға алды. Әсіресе, шаһарда ағаш кесушілер үшін қатаң жаза қолданылды.

Мәселен, осы өңірді билеп, төстеп жүретін ең ірі көпес Никита

Пугасов шарап шығаратын зауытына ағаш кескені үшін 25 сом айыппұл төлеуге мәжбүр болған. Айтқандай, аты жер жарған көпесіңіз Медеу Пұссырмановтың алдында өзін әркез төмен санап, құрмет көрсетіп отырған екен. Сонымен қатар, үйде ит ұстағаны үшін түтін басына 1 сом 50 тиыннан салық салған.

Мына бір дерек назар аударды. Қалабасы Павелдің баласы Андрей Зенков сәулетші болған кісі. Осы мына қазіргі Панфилов саябағындағы шіркеуді шегесіз ағаштан қиюластырып салдырған осы кісі деседі.

Бір ғажабы, содан бері қанша уақыт өтсе де, Алматыда қанша зілзала болса да, осы ғимараттың қабырғасына бірде-бір сызат түспеген. Айтпағымыз, осындай зиялы ортадан шыққан қалабасы жергілікті халыққа деген құрметімен де есте қалған. Бұл кісі Алматыға (Верныйға) келісімен өзі үшін «қазақша-орысша» сөздік жасапты. Оны жергілікті адамдармен тіл табысып, тіл үйрену үшін жасаған. Мәдениетті, өзге елдің салтын, дәстүрін сыйлайтын, құрметтейтін, шовинистік пиғылдан таза, ниеті түзу аса зиялы адам ғой. Қазір тіл үйрену үшін бар жағдай жасалып қойған заманда селт етпейтіндердің есіне осы деректі сала кеткеннің де артығы болмас. Кезінде бұл кісінің сол тіл үйрену үшін жасаған сөздігі де архивтен алынып, «Алматы ақшамында» жарияланды.

Дайындаған
Қ.ҚОШҚАРҰЛЫ.

ТАРИХИ ТАНЫМ

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА»

Қазақ тарихындағы айрықша ауыр кезең болды

Үстіміздегі жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тарихи оқиғасына 300 жыл толды. Бұл тарихымыздағы ең тағдырлы кезең еді. Аумалы-төкпелі кез де тарихтың қойнына енгелі қашан. Алайда, қызыл империяның қылышынан қан тамып, айдарынан қаһар есіп тұрған шақта оны ешкім есіне ала алмады. Азаттықтың ақ таңы атқалы өшкеніміз жанып, ұмытылған оқиғаларымыз қайта тіріліп келеді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Біз тарихы қалың елміз» депті. Шын мәнінде өткенге көз жүгіртсек, талай сыр су бетіне қалқып шығары анық. Түркі бабаларымыз Күлтегін мен Тоныкөк «Түркі халқы үшін күндіз күлмедім, түнде ұйықтамадым» дейді. Біз сол бабаларымыздың заңды жалғасымыз. Баһадүр бабаларымыз дүниені ат тұяғымен дүбірлетті. Еуразия құрлығына өмірін жүргізді. Бұл туралы сан рет айтылып, жазылып та жүр. Дейтұрғанмен, өз алдымызға шаңырақ көтерген шақта, тағдырлы кезеңдерді бастан кешірдік. Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін, Ақ Орда, одан кейін Қазақ хандығы түркі атажұртына ие болып қалды.

Қазақ мемлекеттілігінің құрылған тұсы көп қиындықтарға тап келді. XVIII ғасырдың ең қасіретті кезі, ол – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» шежірелі оқиғасы еді. Тарихымыздағы ең елеулі тарихи кезеңді рет-ретімен, тереңнен қаузап дәйектеуді жөн көрдік.



БАЙ РУХАНИ МҰРАҒА ИЕМІЗ

Өлемге әйгілі қаламгер Виктор Гюго «Ерлік өнегелері тарихты нұрландыра түседі және ол өнегелер – адамдарды алға жетелейтін жарығы мол шамшырақтардың бірі» депті. Сол сияқты, біз өзіміздің өткенімізге зер салсақ, талай тарихқа куә

боламыз. Нәтижесінде «Қайдан шықтық? Кімдермен туыстық байланысымыз бар?» деген сан салалы сауалдарға жауап табамыз. Тек тауып қана қоймай, көптеген сырларға қанығамыз. Көне ғұн, сак, берісі түркілік кезеңге тап боламыз. Ал Қазақ хандығы өз алдына бір шежіре. Көбіне тарихты айтқанда, қазақ өзінің түркі

ұсталығы, тоқыма өнері, егін шаруашылығымен айналысқан. Осы өнер қанымызда әліге дейін бар.

САҒЫМЫЗ СЫНА
ЖАЗДАҒАН ШАҚ

Қазақ хандығын 1680–1718 жылдары Тәуке хан биледі. Оның билік құрған уақытын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп бағалапты. Ел ризашылығына бөленген билеушіге халық «Әз Тәуке» деп құрметті титул беріпті. Осылайша оның аты тарихымызда алтын әріппен бедерленді. 40 жылға жуық мамыражай күн кешкен елдің бақыты ұзаққа созылмайды.

1723 жылы Жоңғар хандығы қыстың аяғы, көктемнің шығар шықпас тұсында Жоңғар қақпасы арқылы 7 аймаққа бөліп тұтқиылдан шабуылды бастап жібереді. Жау қолы Алтай, Алатаудан асып Қаратауға жетеді. Сол кездегі қазақтың ірі шаһарлары Түркістан, Ташкент, Сауран, Сайрам, Созақ, Сығанақты қоршайды. Сыр бойындағы қалаларды түгелге жуық бағындырады. Жаудан қашқан халық жалаңаяқ Самарқан, Үргеніш, Хорезм, Арғы шеті Сарайшыққа дейін ығысады. Қалмақтар аяғы ауыр әйелдің ішін жарып, құндақтағы баланы найзаға түйрейді. Еркек кіндіктің түгел қырады. Осындай қасіреттің зардабынан «Елім-ай» әні дүниеге келді.

Жоңғар шапқыншылығы 160 жыл бойы қазақ даласына өз қылышы мен найзасын түйреді. Ақыр соңында өздері жер бетінен жойылды.

жұртынан тарайтынына көз жеткізе түседі. Антрополог ғалым Оразак Смағұлдың пікірінше, қазақтың арғы ата-бабаларынан тартып есептегенде осы мекенде 6 мың жылдан бері ғұмыр кешіп келеді екенбіз. Осыншама ғасырлар бойы бір өңірдің айналасында өмір сүрген. Жылқы, темір



ЕРТЕҢ – ӘКЕЛЕР КҮНІ

ӘЛИЯ, МӘНШҮК ЖӘНЕ ХИУАЗ

Бір үйдің арулары туралы бірер сөз

Биыл елімізде Күнтізбеге екі атаулы күн енгізілді. Бірі – Аналар күні (мамырдың екінші жексенбісі), екіншісі – Әкелер күні (маусымның үшінші жексенбісі). Яғни ертең – Әкелер күні. Бұл айтулы даталардың бабамыздан мұра болып келе жатқан отбасылық ұлттық құндылық-тарымызды дәріптеуде, ата-ана беделін көтеруде, насихаттауда үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Елге белгілі журналист, ойы ұшқыр, қаламы қарымды әріптесіміз Айнабай Мәдидің үш қызы бар. Есімдері ерекше: Әлия, Мәншүк, Хиуаз. Біз осынау үш «батыр» қыз өсіп келе жатқан отбасының атмосферасын сезіну, балалардың балаң ойларын, өмір туралы көзқарасын білу үшін үшеуіне бірдей сауалдар қойған болатынбыз. Кәне, жауаптарын бірге оқып көрейік.

МЕНИҢ АТЫМ

Әлия АЙНАБАЙҚЫЗЫ, 23 жаста, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты:

– Менің атымды әкемнің сыйлас танысы, генерал Жанасаев ағай қойған екен. Туған күнім 23 ақпан болған соң, ырымдап батыр қыздың атын қойыпты. Адамның есімі оның тағдырына қаншалықты әсер ететінін білмеймін, мен өзімді батыл, қайсар қызбын деп санамаймын. Адамның тағдырына отбасында алған тәрбиесі де әсер етеді деп ойлаймын.

Мәншүк АЙНАБАЙҚЫЗЫ, 20 жаста, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 3-курс студенті:

– Мен 2002 жылы 1 желтоқсанда «Қадір түнінде» дүниеге келіппін. Анам маған аяғы ауыр кезінде апорт алмаға жерік болыпты. Әкем «кішкентайында апорт секілді томпақ болғанын» деп жиі айтып отырады. Негізі, әкемнің таныстары маған Хадиша, Әмина деген есімдерді қоюды ұсынған екен. Әпкемнің атын Әлия қойғасын, сәйкесінше әкем менің есімді Мәншүк деп қойған.

Хиуаз АЙНАБАЙҚЫЗЫ, 13 жаста, 7-сынып оқушысы:

– Әкем 2008 жылы әйгілі ұшқыш апамыз Хиуаз Доспановамен кездесіп, сұхбаттасқан екен, ол кезде анамның маған аяғы ауыр кезі екен. Әкем ұшқыш апамызбен сұхбат кезінде «қызыма сіздің есіміңізді беремін» деген екен. Бірақ мен адамның аты оның тағдырына әсер етпейді деп ойлаймын.

БАТЫР ТУРАЛЫ

Әлия:

– Әлия Молдағұлова – Кеңес Одағының Батыры, ефрейтор. Мерген болған. Ақтөбе облысы, Қобда ауданында дүниеге келген. Шын есімі – Илия. Есіміме байланысты қызықты, тосын жағдайлар болған жоқ. Бірақ атым Әлия, бауырларымның есімдері Мәншүк, Исатай, Хиуаз болған соң, көбі таңқалып жатады.

Мәншүк:

– Мәншүк Мәметова 1922 жылы Орал облысы, Бөкей ордасы ауданында дүниеге келген. Пулеметші. Азан шақырып қойған есімі – Мәнсия. Анасы бала күнінде «Монша-ғым» деп еркелеткен. Мәнсия кішкентай күнінде атын айтуға тілі келмей өзін «Мәншүк» деп кетеді. Құжат алар кезде де батыр қыз есімін «Мәншүк» деп жаздырған. Менің бауырларымның есімдерін естігенде адамдар «Мәссаған, есімдеріңді солай қою кімнің идеясы? Керемет!», – деп таңырқап жатады.

Хиуаз:

– Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы Гурьев облысында дүниеге келіп, 2008 жылы 86 жасында қайтыс болған. Қазақтан шыққан жалғыз ұшқыш әйел, халық қаһарманы. Мен білетін бір қызық ақпарат – Хиуаз бен оның ұшқыш құрбыларын немістер «Түнгі мыстандар» деп атаған. Менің есімді

естіп көбісі таңқалады, кейбірі тіпті айта алмай қалады. Оқулықтан батырлар тарауын өтіп жатқанда Хиуаз Доспанова апамыздың өмірбаянын оқығанда сыныптастарымның бәрі бір сәтте маған бірдей бұрылып қарайтыны бар. Ол да қызық.

«СҰЛУЛАРЫМ, АЛТЫНДАРЫМ!»

Әлия:

– Мен әкеме қатты жақын емеспін. Сондықтан болар, ойымды ашық айта алмаймын. Көбіне үй тірлігі, мамандық, оқу туралы сөйлесеміз. Мені «Әлөнтай» деп еркелетеді.

Мәншүк:

– Мен қазір басқа қалада болғандықтан ұялы телефон арқылы жиі сөйлесіп тұрамыз. Әкеммен менің және Оралдағы нағашыларымның жағдайы, оқуым жайында сөйлесеміз. Ер адамдар негізі ұстамды, салмақты болып келеді ғой, сезімін ашып жеткізбейді. Бірақ бізді іштей қатты жақсы көретінін сезіп тұрамын. Әкем бізді «алтындарым, ақұдай» деп еркелетіп отырады. Ал мені «Мөкентай», «Мәтөк» дейді.

Хиуаз:

– Әкеме ойымды анам арқылы жеткіземін. Әкем мені «Хиеке» деп еркелетеді. Бізді «менің сұлуларым, алтындарым!» деп, маңдайымыздан жиі иіскейді. Біз одан үлкен қуат аламыз.

БАУЫРЫМ

Әлия:

– Мәншүк – ақылды, еңбекқор, мейірімді. Болашаққа биік мақсаттар қойып, жақсы жоспарлар құрып жүретіні ұнайды. Хиуаз да ақылды, ән айтқанды жақсы көреді. Ағылшын тілін еркін меңгертісі келеді. Оның өзіне жоғары талап қоя білетін қасиетін бағалаймын.

Мәншүк:

– Үлкеніміз Әлия – ақылды, нәзік, ұялшақ. Мектеп кезінде математикадан көп көмек сұрап мазалай беруші едім. Көп нәрсені біліп тұрса да, ашып айта бермейді, тым ұстамды. Оның маған шыдамды, төзімді қасиеті ұнайды. Ал Хиуаз болса бізге қарағанда пысық қыз, әдемі, ақылды. Көпшіл. Кез келген ортада өзін жақсы ұстай алады. Бір қызығы, Хиуаз мектепке бармай жатып-ақ, әкем үйге алып келетін «Алматы ақшамы» газетіндегі сөз, сөйлемдерді мүдірместен оқитын. Сондықтан оған бірінші сыныптағы әріптер үйрену сабағы ешқандай қиын болған жоқ. Хиуаз ән айтқанды, билегенді жақсы көреді. Оның үнемі көңілді жүретіні ұнайды.

Хиуаз:

– Менің ең үлкен Әлия тәтем өте ақылды, оқуға, білімге көп көңіл бөледі. Тәтеме бірдене десен, бірден көңіліне алып қалады, нәзік. Ал Мәншүк тәтем батылырақ, бауыр-мал, қамқор. Екі әпкемнің де шыдамды, сабырлы мінездерін атап өтер едім.

АЯУЛЫ АТА-АНАМ

Әлия:

– Ата-анам Алматыда танысып, жарасып, шаңырақ көтеріпті. Әкемнің бізді аялап, көңілімізге қарап тұратын қасиетін бағалаймын. Ал анамның сабырлылығын, еңбек-қорлығын үлгі етемін.

Мәншүк:

– Әкем Аралдан, анам Оралдан, екеуі де Алматыда оқыған. Екеуі осы қалада анамның құрбысы арқылы танысқан. Әкемнің бойындағы үлгі етуге болатын қасиет – кез келген адаммен тез тіл табысып, әңгімелесіп кетеді, көпшіл. Тарих пен әдебиетті өте жақсы біледі. Ал анамның кез келген жағдайда күліп жүретіні, шыдамдылығы, тапқырлығы ұнайды.

Хиуаз:

– Әкем журфакта, анам медучилищеде оқып жүргенде танысқан. Мен әкемнің шығармашылыққа жақындығын, көпшілдігін жақсы көремін. Ал анамның еңбекқорлығын, төзімділігін, жанашырлығын үлгі етемін.

ОТБАСЫ ДЕГЕНДЕ...

Әлия:

– Отбасы дегенде ойыма ең бірінші тыныштық деген сөз оралады.

Мәншүк:

– Отбасынан жырақта жүргендіктен бе, ең бірінші ойыма сағыныш сезімі көбірек келеді.

Хиуаз:

– Жылулық.

ИСАТАЙ «БАТЫР»

Әлия:

– Исатай – сүйікті інім. Ол бәрімізді бірдей жақсы көреді, бізге әрқашан көмектесуге ұмтылып жүреді. Әкем оған «қыздарды құрметтеу керек, аялау керек» дегенді жиі айтып отырады.

Мәншүк:

– Исатай бәрімізді де бірдей құрметтейді. Қамқорлығын барынша көрсетеді. Есімде, тұмаураатып қалсақ, кішкентай болса да су, дәрі әкеліп беріп жүгіріп жүретін, үстімізге жабатын көрпе әкелетін. Дүкеннен келе жатқанда бізге ауыр көтертпейді. Сабақтан Хиуазды алып қайтарда сөмкесін көтеріп келеді.

Хиуаз:

– Исатай – менің ағам. Мені қарындасы ретінде қатты сыйлайды, қорғайды, мен үшін алаңдап жүреді.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Әлия:

– Бақыт деген – бірінші денсаулығыңның жақсы болуы, жақсы көретін адамдарыңның аман болуы, өзің еңбек етіп, табыс тауып, өзің мен жақындарыңды қуанып жүру. Елдің дамуына сәл де болсын үлес қоса алу.

Мәншүк:

– Бақыт – менің және отбасымның амандығы. Сонымен қатар, өз қалауымызға жетіп, оны қуанып бөлісуден асқан бақыт бар ма?!

Хиуаз:

– Мен үшін бақыт деген – өміріңнің өзің қалағандай өтуі.

МӘДЕНИЕТТІ АДАМ КІМ?

Әлия:

– Барлық уақытта сыпайы сөйлейтін, балағат сөздер айтпайтын адамдар. Барынша сабырлы болып, өзін ұстай алатын адамды, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін адамды мәдениетті адам деп есептеймін.

Мәншүк:

– Мәдениетті адам – ол кез келген жағдайда басқаларға зияны тимейтін, өзін ортада дұрыс ұстай алатын, әдепті адам.

Хиуаз:

– Тәрбиелі, өзінің іс-әрекеті мен сөзін бақылай алатын адамды мәдениетті деп санаймын.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ҚАНДАЙ?

Әлия:

– Қазіргі жастар ақылды, еңбекқор, мейірімді. Ата-анамның жастық шағынан өмірге деген шыдамды, төзімді болған қасиеттер алуға болады деп түйсіндім.

Мәншүк:

– Қазіргі жастар еркін. Өз ойын, өз қалауын қысылмай білдіре алады. Көпшілік жастардың қазір өзін жан-жақты дамытып, ізденіп жүретінін мақтанарлық деп есептеймін. Ата-анамнан шыдамдылықты алуға болады.

Хиуаз:

– Қазіргі жастардың кейбірі заманмен бірге дамып, өзіне көңіл бөліп, оқып, білімге ұмтылып жатса, кейбірі жаман жолға кетіп қалып жатыр.

Қысқасы, «бес саусақ бірдей емес». Дегенмен, бізге үміт артқан ата-анамыздың үмітін ақтасақ деймін.

ӨМІРДІҢ БАҒАСЫ

Әлия:

– Өмірде адамдар өзгелерді, үлкен-кішіні бірдей сыйлай білу керек деп ойлаймын. Өзін үнемі басқалардан жоғары санайтындарға өмір сүру қиын. Сосын барынша уақытты бағалау керек деп ойлаймын.

Мәншүк:

– Ең бірінші кезекте денсаулығын бағалай білуі керек. Одан кейін уақыттың бағасын түсіну қажет. Көп нәрсені кейінге қалдырып жатады. Бүгін жасай алатын дүниені ертеңге қалдырмаған абзал. Сосын жақындарыңның қадірін білу қажет. Оларды бар кезінде құрметтеп, ренжіспей, сыйласып өткен дұрыс.

Хиуаз:

– Адамдар қазіргі заманда өз жақындарын, денсаулығын бағалай білуі керек деп ойлаймын. Себебі, басқа заттарды сатып ала салуға болады, ал жақсы өмірді, жақсы адамдарды сатып ала алмайсың.

● ТҮЙІН:

Біз осы шағын ғана сұхбат арқылы бір отбасында ақылды, ойлы, тәрбиелі қыздардың өсіп жатқанын байқадық. Қуандық. Әрине, оның арғы жазғында әке, ана тәрбиесі тұрғаны анық. Әкеден – ақыл, анадан – мейір дарыған сынды үшеуіне де. «Қыз баласы – әкесіне жұлдыз, шешесіне құнды». Ал біз есімдері өзгеше арулардың алдағы жақсылықтарына да тілекші екендігімізді айтқымыз келеді.



ЕРТЕҢ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ КҮНІ

ДӘРІГЕР АНТЫНА АДАЛ БОЛУ КЕРЕК

«Ақ халатты абзал жандар, аппақ оның тілегі, Ізгіліктен жаралғандай саусағы мен жүрегі», – деп ақын жырлағандай, осынау мәртебелі мамандық иелеріне алғыс айтпайтын жан сірә, жоқ шығар. Өзгеге өмір сыйлап, сол жолда өзі құрбан болған жандар қаншама! Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында қаламыздағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимовқа жолығып, 46 жылдық тарихы бар институттың қызметі мен клиника мамандары туралы әңгімелескен едік.

– Осынау жауапты саланы таңдауыңызға не себеп болды екен? Сіздің замандастарыңыздың дені заңгер, қаржыгер сынды мамандықты таңдайтын сияқты еді...

– Дұрыс айтасыз. Біздің кезімізде бұл саланы жүректеріңіздің ғана таңдағаны жасырын емес. Көбіне, адам тағдырына жауапты болғандықтан ба екен, әйтеуір көбінің тісі батып бара бермейтін. Жалпы, дәрігер болудың өзі ерекше мінезге ие болу. Дәрігер – өз ісіне жан-тәнімен берілетін, тез шешім қабылдайтын, жұмысын адал атқаратын, өзіне басқа адамдардың өмірі үшін үлкен жауапкершілік алатын мамандықтың иесі. Адамдарға қуаныш сыйлап, олардың бақытты жүздерін көргенде, алғыс естігенде, бұл мамандықты бекер таңдамағаныма қуанамын. Ежелгі грек философы Сократ әлемдегі барлық мамандықтар – адамдардан, ал үшеуі Алладан: ол дәрігер, мұғалім және сот, олар өз сыйларын жоғарыдан алады деген екен.

Бұл саланың қиындығы сол, үнемі оқып, дамып, жаңа технологияларды, ауруларды емдеудің жаңа әдістері мен заманауи жабдықтарды және т.б. игеріп отыру керек.

Институттың клиникалық қызметі, ең алдымен, кардиологиялық және терапиялық профильдегі науқастарға көмек көрсетуге бағытталған. Жүрек-қан тамыр жүйесінің кез келген патологиясы, жүректің ишемиялық ауруы, туа біткен және жүре пайда болған жүрек ақаулары, жүрек ырғағының бұзылуы, қан тамырлары патологиялары және басқа да ауруларға хирургиялық араласудың заманауи, инновациялық әдістері кеңінен енгізілген. Сонымен қатар, мұнда аллергиялық, кардиологиялық, эндокринологиялық, гастроэнтерологиялық, ревматологиялық, нефрологиялық, пульмонологиялық бейіндегі және сирек ауруларға шалдыққан науқастарға диагностикалау мен емдеу жүргізіледі.

– **Марат Орынбасарұлы, өзіңіз басшылық етіп отырған ғылыми-зерттеу институтының тыныс-тіршілігімен де таныстыра кетсеңіз.**

– Қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институты 1977 жылы желтоқсан айында құрылған. 2001 жылы институт Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ болып қайта құрылып, көпсалалы клиникаға айналды. Кейін 2010 жылы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын, ал 2018 жылы – акционерлік қоғам мәртебесіне ие болды.

Жалпы, білім беру сегменті институт қызметінің тағы бір бағыты болып табылады. Біз оқу процесінде ғылым, клиника және білім берудің үштұғырлығының халықаралық қағидатын сақтай отырып, резиденттерді даярлаумен және дәрігерлерді қайта даярлаумен айналысамыз.

Бұл өз кезегінде білікті медициналық кадрларды дайындауға мүмкіндік береді. Оқу процесі ғылыми зерттеулермен, жаңа медициналық технологияларды енгізумен және халыққа мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетумен де тығыз байланысты.

Қазіргі кездегі маңызды міндеттердің бірі – терапевтік патологиясы бар науқастарға көмек көрсетуді кеңейту. Энтероскопия мен МР энтерографияның енгізілуі жіңішке ішек патологиясын дер кезінде анықтауға көмектеседі. Эндокринологтар, ревматологтар, пульмонологтар, нефрологтар және т.б. мамандарымыз еліміздің түкпір-түкпірінен келген науқастарға көмектеседі.

Соңғы жылдары клиниканың жетекші мамандары тәуліктің кез келген уақытында, жұмыс және демалыс күндері жүргізетін онлайн-консультациялар саны артты. ҒЗИ мамандары Қазақстан өңірлеріндегі басқа да медициналық мекемелердің әріптестерімен онлайн-кездесу өткізуге, пациенттерді емдеуге қатысты шешім қабылдауға көмектесуге әрқашан дайын. Бізде мұндай консультациялар барлық бағыттар бойынша жүргізіледі.



– **Білікті мамандар, жалпы әріптестеріңіз туралы да айта отырсаңыз.**

– Дәрігерлер үшін адам өмірін құтқару – басты міндет әрі олардың күнделікті жұмысы ғой. Сондықтан дәрігерлердің барлығы өз міндетіне, өз мамандығына, ең бастысы антына адал дер едім. Өзім қызмет етіп отырған ұжымның қызметкерлері туралы да осындай пікірдемін. Өзіңіз де білесіз, кардиология ең нәзік, әрі ең жауапты сала. Оның үстіне, бүгінгі таңда денсаулық саласына мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып, әлеуметтік мәселелерге де кеңінен көңіл бөлініп отыр. Мемлекет сенім білдіріп, қолдау танытып жатқанда неге еңбек етпеске...

Біздің клиниканың кардиохирургиялық бөлімшесін Новосибирск мемлекеттік медицина университетінің түлегі, Е.Мешалкин атындағы Қан айналымы патологиясы ҒЗИ-да (Ресей) және Pava Giovanni XXIII клиникасында (Бергамо, Италия) жұмыс тәжірибесі бар, University Milano-Bicocca магистранты Рүстем Төлеутаев басқарады.

Бүгінде жасанды қан айналымы зертханасы бар кардиохирургия бөлімшесінде ересек тұрғындарға кардиохирургиялық операциялардың барлық түрлері жасалады.

Бір пациентті емдеуде бір уақытта 2 түрлі тәсіл (эндоваскулярлық араласумен бірге ашық хирургия) қолданылып, гибриді операциялар жасалады. Жүрек ақаулары, жүректің ишемиялық ауруы және жүрекалды фибрилляция бір уақытта емделеді. Жүрек ырғағының бұзылуын бір мезгілде емдеу үшін коронарлық шунттаумен немесе жүрек ақауларын түзетумен бірге ашық жүрекке криоабляция жасалады.

Институттың кардиохирургтарының жүрек қақпақшаларын ауыстыру және

пластикалау, туа біткен жүрек ақауларын түзету бойынша кіші инвазивті операцияларын жасауда мол тәжірибелері бар. Қолқаны ауыстыру бойынша операциялар жүргізіледі. Жүрек ісіктерінде операциялар стандартты түрде де, кіші инвазивті әдіспен де жасалады. Біздің ҒЗИ-да Алматыда алғаш рет екі пациентке жүректің жасанды сол жақ қарыншасы (LVAD) және ТМД аумағында алғаш рет жүректің қолқа қақпақшасын ауыстыру үшін «Avalus» жаңа биологиялық протезі имплантацияланды.

Рентгенэндоваскулярлық операциялық блоктың меңгерушісі Алексей Колесников – республиканың жетекші интервенциялық кардиологтарының бірі. Ол өзіміздің С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ түлегі. Сонымен қатар, академик Е.Мешалкин атындағы Новосибирск қан айналымы патологиясы ғылыми-зерттеу институтында, Жапониядағы Нагасаки медициналық университетінде білім алған.

Оның жүрек тамырларының созылмалы окклюзиясы, сол жақ коронарлық артерия діңін стенттеу, бифуркациялық зақымданулар, аортокоронарлық араласудан кейін жүрек тамырларына күрделі араласулар және TAVI операциясын жасауда үлкен тәжірибесі бар.

Институттың аритмологиялық қызметінің аға ординаторы Артур Әбдімомуновтың келешегі зор. Осы жылы мамыр айында Польшадан келген профессормен бірге 5 пациентке жүректің өткізгіш жүйесіне ынталандырушы электродтарды имплантациялау операциясын жасады. Жақында тағы да жүрек ырғағының күрделі бұзылыстарын емдеу үшін 4 операция жасады. Дубай (БАӘ) және Вильнюс (Литва) қалаларынан келген мамандардың қолдауымен өмірге қауіп төндіретін аритмияларды қарталау және радиожилік абляциясы жүргізілді. Тағы бір айта кеткім келгені, бізде бұрын мұндай деңгейдегі қарталау клиникада жүргізілмеген еді. Бұл біздің жұмысымыздағы бірең-саран мысалдар ғана.

– **Институттың даму перспективалары туралы да айтсаңыз.**

– Қазір біз JCI аккредитациясына дайындық үстіндеміз. Сосын сәтін салса, келесі жылы да ұйымның осы жоғары мәртебесін растауымыз керек.

Дәрігерлер мен мейіргерлердің біліктілігін арттыру, диагностика мен емдеуді жақсарту бойынша жұмыстар жалғаса береді. Кез келген маман теориялық және практикалық білім мен дағдыларды үнемі жетілдіріп, медицина саласындағы инновациялардан хабардар болуы керек. Осы тұрғыдан дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін қажетті жағдай жасап жатырмыз.

– **Марат Орынбасарұлы, сөз соңында кәсіби мерекеге орай әріптестеріңізге не тілейсіз?**

– Мамандығына адалдық таныта білудің өзі зор бақыт емес пе? Осы ретте жүрегінің таңдауымен тағдырын жер бетіндегі ең қиын, ең жауапты мамандықпен байланыстырған барлық әріптестерімді Медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймын. Жанкешті еңбегімен кәсібіне адалдық танытып, адамдардың өміріне араша түсіп жатқаны үшін алғыс айтқым келеді.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

ЖҮРЕГІ ЕКІ РЕТ ТОҚТАП ҚАЛҒАН

бала аман-есен
үйіне шықты



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Он жасар Дастан таушымылдық (пион) спирттік тұнбасын су екен деп ішіп қойған. Біраз уақыттан кейін бала күрт нашарлап, есінен танып қалған. Жедел жәрдем бригадасы кішкентай науқасты Алматы қаласы Балалар жедел медициналық жәрдем орталығына жеткізеді.

Пациенттің жақындары оның сол тұнбаны ішіп қойғанын білмегендіктен, бала тағамнан уланған деп болжап, нақты диагноз қою қиынға соққан.

«Бізге бала ІІІ дәрежелі экзоуытты шок салдарынан өте ауыр жағдайда түсті, балада қандағы глюкозаның жоғарылауы (18 ммоль/л дейін), гипергликемия, кетоацидоз, бас ми ісінуі, жалпы интоксикация белгілері байқалды. Санасы комада болды. Қабылдау бөлімінде науқасты көпбейінді дәрігерлер бригадасы тексеріп, шұғыл түрде клиникалық және зертханалық зерттеулер жүргізілді. Белгілі болғаны – таушымылдық тұнбасымен жедел улану; ауыр дәреже; 3-ші дәрежелі экзоуытты шок; уытты энцефалопатия; уытты гепатит. Науқас жансақтау бөліміне жатқызылды, онда оған жеке дәрігерлік және медбикелік пост тағайындалды. Жағдайының ауырлығына байланысты науқастың жүрегі екі рет тоқтап қалған. РКТБ қызметкерлері біліктілігінің арқасында баланың бетін бері қаратты», – дейді Алматы қаласы Балалар жедел медициналық жәрдем орталығының токсикология бөлімінің меңгерушісі Хурметбек Тохтар.

Әрине, Дастанның ата-анасының қуанышында шек жоқ. «10-шы бөлімшенің медицина қызметкерлеріне, әсіресе, Хурметбек Тохтарұлына, сонымен қатар жансақтау бөлімшесінің қызметкерлері – М.Мақұлбеков, Т. Бидайбай, А. Риги, А.Құлымбетовке, невропатолог Н.Құрманбаевқа ұлымды ажал аузынан суырып алғаны үшін алғыс білдіремін. Жанкешті еңбектің, жоғары кәсіби шеберліктің, сапалы медициналық көмектің арқасында ұлым аман қалды», – дейді Дастанның анасы.

Ал дәрігерлер болса, ата-аналардан балаға қауіпті барлық затты олардың қолы жетпейтін жерде сақтауды сұрайды. Жаз – консерві мен маринадталған тағамдар дайындайтын маусым, бұл кезде сірке суы және басқа да қауіпті заттармен улану ықтималдығы айтарлықтай арта түседі. Сондықтан барынша абай болған абзал.

ІЛТИПАТ

АЛҒЫС АЙТСАМ ДЕП ЕДІМ...

Күнделікті күйбең тіршілікпен кейде көп нәрсені байқап бермейміз. Қоғамда Жаратқан иемізден кейін, дертімізге дауа болып, жанымызды арашалап қалатын абзал жандардың жанкешті еңбегін көріп, сезінген кезде «осы кісілердің еңбегін қалай ақтасам екен» деген ойға кетемін. Кім болса да, жас кезінде денсаулықтың қадірін бағалай бермейді екен. Ал жылдар өтіп, жасың келген сайын ауруханаға да жиі бас сұғып, абзал жандардың көмегіне жүгінетін кездер де көбейе түседі.

Өзімнің жеке басымда да сол кісілердің ем-домын, шипасын алып, алақан-дарының қуатын сезінетін кездерім көп болып жатады. Дәрігерлердің кәсіби мерекесі қарсаңында өзімнің сүйікті

басылымым «Алматы ақшамы» арқылы ақ халатты абзал жандарға деген алғысымды жеткізгім келеді. Адам жанының арашашысы болған осынау мәртебелі мамандық иелерін алдағы төл мерекелерімен құттықтағым келеді.

Өз ісінің нағыз маманы болған кісілердің адамгершілігі мен саусақтарынан дарыған қасиетті сезінген жан ретінде алғысымды білдірсем деп едім. Талай жанның алғысын арқалап, абырой биігінен көрініп жүрген №24 емхана мен №32 емхана қызметкерлеріне аналық алғысымды білдіремін! Ананың алғысынан артық не бар!

Қалес АЙДАРҚҰЛОВА,
еңбек ардагері.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 маусымдағы
№2/220-340 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 10 қазандағы №11 қорытындысының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сорғы станциясының құрылысы үшін Алматы қаласының Медеу ауданындағы Жамақаев көшесінің батысы, Өл-Фараби даңғылының оңтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 4 сәуіріне дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ө.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 15 маусымдағы
№2/220-340 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Албайрақ Волкан	20-315-028-652	Жамақаев көшесі, 2/2	0,1986
2	«Transsystem International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-028-653	Жамақаев көшесі, 2/1	жалпы – 0,2871 алынатын бөлігі – 0,1139

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртекті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншын көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Қай ауданда қылмыс көп?

Қаламызда криминогендік қылмыс түрлері азаймай тұр

Соның ішінде, ұрлық пен алаяқтық басым. Бас прокуратураның Алматы қаласы бойынша қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің мамандары осылай деп мәлімдеді.



Айнабай
МӘДІ

Зандылықтың орындалуын қадағалайтын құзырлы орган өкілдері бұған оңай олжа иеленуді мақсат тұтқандар көбірек баратынын айтады. Ал қоғамдық орындар мен тұрмыстық салада жасалған қылмыс түрлері бытырғымен салыстырғанда, біраз төмендеген. Бүгінде мұндай фактіні тіркеуден бастап, сот үкімі шыққанға дейінгі жұмыстың бәрі де электронды форматқа көшірілген. Әлбетте, бұл әдіс әлдеқайда тиімді.

«Электронды қылмыстық істің тиімділігі – қызметкерлердің уақытын үнемдеп, материалдық шығынын азайтады. Сондай-ақ, қылмыстық іске қатысты бұрмалану фактісі жоқ болады. Өз кезегінде бұл кабинеттен шықпай, қосымша уақыт жұмсамай, қашықтан сараптама тағайындауға мүмкіндік береді», – дейді ҚР Бас прокуратурасы Алматы қаласы бойынша қылмыстық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры Абылайхан Қызылқожаев.

Бас прокуратураның Алматы қаласы бойынша қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің мамандары көпшілік арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Мақсат – заңбұзушылықтың алдын алу.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда жыл басынан бері 11 мың құқықбұзушылық тіркелсе, оның 8 мыңға жуығы – алаяқтық пен ұрлық дерегі. Криминогендік қылмыс Алмалы ауданында басым. Жыл басынан бері мұнда 2 жарым мыңға жуық дерек тіркелген.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-04-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық баспасы.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ТҮЛҒАТАНУ

«БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР»

Алматыда танымал актер Юрий Померанцевтің ескерткіш мүсіні ашылды

Қалалық әкімдіктің тікелей қолдауымен М.Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театры ғимаратының алдына «біздің сүйікті дәрігер» – атақты актер Юрий Померанцевтің қола мүсіні бой көтерді. Ескерткіш мүсінінің ашылуына арналған салтанатты шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, меценат Нұрлан Смағұлов, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

— Бұл — біздің қала мен оның мәдениеті үшін маңызды оқиға. Мен үшін нағыз алматылық, көрнекті театр және кино әртісі, режиссер, ҚазКСР халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, бәріміз «біздің сүйікті дәрігер» ретінде жақсы көретін Юрий Борисович Померанцевке арналған ескерткіштің ашылуына қатысу ерекше құрмет. Юрий Борисович — өз кәсібіне, өнеріне және театрына адалдықтың айрықша үлгісін көрсетті. Ол мұнда 70 жылға жуық қызмет етті және Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрының сахнасына адал болды, — деп атап өтті шаһар басшысы Ерболат Досаев.

Аталмыш мүсін Нұрлан Смағұлов қорының бастамасымен әрі тікелей қолдауымен орнатылды. Бұл тұрғыда Нұрлан Смағұловтың өзі де «Алматы Юрий Борисовичсіз Алматы болмас еді. Ол қаламызды өте жақсы көрді, зиялы қауым және алматылықтардың көптеген ұрпағы үшін өшпес мұра қалдырды! Сол үшін біздің Қор Юрий Борисович бейнесінің баршамаздың жадымызда қалуын өзіне міндет деп санады, — деп атап өтті.

Сонымен, Померанцев мүсіні Нұрлан Смағұлов Қоры сыйлаған төртінші мүсін.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Қазақстандық меценаттың айтуынша, қаламызда әлі де көрнекті алматылықтардың мүсіндер сериясы пайда болуы мүмкін.

Алматыда алғаш рет Шәкен Аймановтың мүсіні 2019 жылы «Алматы» қонақүйінің жанына орнатылған еді. Мұның өзіндік себебі де бар. Бұл жер бір кездері «Тақиялы періште» киносы түсірілген орын. Екінші Герольд Бельгердің мүсіні 2021 жылы ашылды, ол Герольд Карлович соңғы жылдары тұрған үйдің жанында орналасқан. Сондай-ақ, қазақстандық альпинист Анатолий Букреевтің шыңға шығар алдында демалып отырған сәті бейнеленген мүсіні Медеу шатқалында орналасқан.

Юрий Померанцевтің мүсінін әйгілі қазақстандық мүсінші Нұрлан Далбай жасаған. Мүсіннен күлімсіреп тұрған бейнені, яғни Шәкен Айманов (1957 жыл) түсірген «Біздің сүйікті дәрігер» фильміндегі дәрігердің бейнесін жазбай тануға болады.

Ескерткіштің ашылу рәсіміне әртістің туыстары, достары, М.Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрының актерлері мен қызметкерлері келді.

«Мен Қазақстанда дүниеге келдім және 60 жылдан бері Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрында жұмыс істеймін. Юрий Борисовичтің қасында менің бүкіл өмірім өтті, оның ішінде сахна артындағы және гастрольдік сәттер. Ол әлемдегі

кез келген театрдың сахнасын айшықтайтын адам және керемет актер болды. Біз әлемнің түкпір-түкпірін жиі аралаймыз, бірақ театрға, өнерге деген осындай керемет және ерекше көзқарасты мен тек Қазақстанда ғана кездіттім, соның арқасында біздің театр жылдан-жылға жақсарып келеді», — деді ашылу салтанатында ҚР еңбек сіңірген әртісі Геннадий Балаев.

Көзі тірі болса, 2023 жылдың 11 ақпанында Померанцев өзінің 100 жылдық мерейтойын атап өтер еді. Юрий Померанцев — театр және кино актері, режиссер, Ұлы Отан соғысына қатысып, «Ерлігі үшін» медалімен, II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен, сондай-ақ көптеген ордендермен марапатталды.

Ол өзінің өнер жолын 1943 жылы Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрының хорында бастап, кейін Жас-өспірімдер театрының актері, ал 1954 жылдан бастап Лермонтов атындағы орыс драма театрында жалғастырды. Осынау жылдар ішінде Ю.Померанцев Кеңес киносының алтын қорына енген фильмдердегі 300-ден астам рөлді сомдады. Ал алматылықтар үшін «біздің сүйікті дәрігер» ретінде мәңгі есте сақталып қалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

Qurban2023.kz сайты биыл да жұмыс істейді



Биыл елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Бұл туралы ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт мерекесіне қатысты іс-шараларды пысықтау үшін арнайы өткізген жиналысында айтты.

«Құрбан айт — ісі мұсылманның ұлық мейрамы. Бұл мейрамды жоғары деңгейде атап өту үшін ҚМДБ жанынан құрылған жұмыс тобы бекітілген жоспарды асқан жауапкершілікпен тиянақты түрде жүзеге асыруға тиіс. Осы бағытта әр бөлім қызметкері өзіне жүктелген жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастыруы қажет», — деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Әуежайда такси құны көрсетіледі

Алматы қаласының туризм жөніндегі кеңесі аясында қаланың кәсіпкерлер палатасы жанынан жұмыс тобы құрылды. Екі апта ішінде жұмыс тобы таксиге тапсырыс беру қызметтері (ApariTaxi, Region, Yandex Taxi, Uber, Blue Sky Energy және т.б.) ұсынатын таксилердің құнын талдады, жүрудің орташа бағасын есептеді.

Жолаушыларды тасымалдау тарифтері отырған жерден баратын пунктке дейін қашықтыққа әрі такси класына байланысты 1200-ден 12000 теңгеге дейін өзгереді. Ең жоғары баға әуежай терминалынан «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортына дейінгі таксидің премиум сегментінде көрсетіледі.

Айта кетерлігі, бұл тұрақты емес, жолаушылар үшін ұсынылатын баға, такси қызметтерінің құны ауа райын, сұранысты және басқа деректерді ескере отырып өзгеруі мүмкін.

Туристер үшін бұл ұсыныстарды әзірлеудің мақсаты — жауапсыз такси жүргізушілерінің заңсыз әрекеттерін реттеу. Бүгінде такси тарифтері көрсетілген ақпараттық стендтер мен буклеттер қазақша, орысша, ағылшынша және қытай тілінде әзірленді. Енді олар Алматы қаласының Халықаралық әуежайының терминалдарына ілінетін болады.



Курьерлер де салық төлейді

Биылғы 1 шілдеден бастап интернет-платформалар арқылы жұмыс істейтін такси жүргізушілері мен курьерлер салық төлейді

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне сүйенсек, такси немесе курьерлік жеткізу қызметін көрсету кезінде азамат «eSalyq Business» мобильдік қосымшасын қолдана отырып, жеке кәсіпкер немесе қандай да бір компанияға жалдамалы қызметкер ретінде тіркелуге тиіс. Тиісінше, ол шарт жасасу арқылы салық пен әлеуметтік төлемдерді аударуға міндеттеледі.

Кейін платформа операторы қызметкерге айлығын төлеу кезінде тиесілі салықтар мен әлеуметтік төлемдерді ұстап қалады. Артынша, бұл мәліметтер автоматты түрде Мемлекеттік кірістер комитетіне беріледі.

Бұл талаптар бұрыннан бар, дегенмен түрлі себептерге байланысты оны көп адам орындамай келеді. Себебі, 1 пайыздық ставкамен табыс салығын және әлеуметтік төлемдерді (зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және медициналық сақтандыру) өтеу қажет.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.